**Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы *1- апта***

Білім беру ұйымы: «№1Алға мектеп-бақшасы» КММ
Топ: «Нұрбөбек» ересек топ.
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 01.06 – 02.06.2023ж

| *Күн тәртібі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|
| *Балаларды қабылдау*<br><br>*Ата-аналармен әңгімелесу* | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br><br>*Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | |
| *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)* | ***«Біздің шаңырақ»***<br>***Е.Өтетілеуов***<br>*Атамнан басталар*<br>*Әжеммен қосталар*<br>*Отбасым мынылар:*<br>*Ең жақын адамдар*<br>*Әкем мен анам бар*<br>*Бір туған ағам бар*<br>*Бір туған апам бар...*<br>*Бәрін жақсы көремін*<br>*Еркелеймін еремін!*<br>***Дид ойын: «Сиқырлы микорфон»***<br>*Шарты: Өз отбасы туралы , мейрімділік туралы айта білу.* | ***Мен де балғын гүлмін***<br>***Автор. М. Байсариева***<br>*Арасынды гүлдің*<br>*Ойнап бүгін жүрдім*<br>*Қызыл, көкшіл, сары*<br>*Әп-әдемі бәрі*<br>*Енді ғана білдім-*<br>*Мен де балғын гүлмін!*<br>***Дид ойын:«Табиғат құбылыстарын ата»***<br>***Мақсаты:*** *жазғы табиғат құ-былыстарын атай алады* |
| *Таңертеңгі гимнастика* | ***Таңғы жаттығу кешені Мақсаты:*** *Жалпы даму жаттығуын жасай отырып, баланы шыңдау.*<br><br>***Маусым айының 1-аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тігілген*** | |

| | | |
|---|---|---|
| *Таңғы ас* | *Сауықтыру шаралары: Ауызды жуу, жылы сумен шаю. Ас мәзіріне отыру.Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* | |
| *Ұйымдастырылғаныс-әрекетке дайындық* | *«Кел, балалар күлейік»*<br><br>*Кел, балалар, күлейік,*<br><br>*Күлкіменен түлейік!*<br><br>*Қабақ түйген не керек,*<br><br>*Көңілді боп жүрейік!* | *Кел, балалар, күлейік!*<br><br>*Күлкіменен түлейік!*<br><br>*Күлкі көңіл ашады,*<br><br>*Күліп өмір сүрейік!* |
| *Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырыл ған іс-әрекет* | ***«Тілеріміз бейбіт күн»***<br><br>*Біз балдырған тең басқан,*<br><br>*Дос құшағын елге ашқан.*<br><br>*Тілеріміз бейбіт күн,*<br><br>*Ашық болсын кең аспан!*<br><br>***Сұрақ-жауап***<br><br>*Өлең қалай аталады?*<br><br>*Бейбіт күн дегенді қалай түсінесің?*<br><br>*Достық дегенді қалай түсінесің?*<br><br>***Саусақтар шыншыр болады,***<br><br>***Үзілмейді тартсаңда.***<br><br>***Ал,піл келіп шынжырды,***<br><br>***Үзіп кетті басқанда***<br><br>***Тұмсығымен доп іздеп,***<br><br>***Ойнағысы келіп тұр.***<br><br>***Достық үшін пілге мен,*** | ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің*<br>*Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің?*<br><br>*Ол не ?**АУА***<br><br>*- Ауа не үшін керек?*<br><br>*- Ауаның түсі қандай?*<br><br>*- Қолмен ұстауға болама, оны көреміз бе*<br><br>*Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады*<br><br>***Дид ойын: «Зерттеушілер»***<br><br>***1-тәжірбие:** Әр баланың қолына айна беріледі.Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткіеді*<br><br>***2-тәжірбие:** Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік.*<br><br>*- ауасызтыныс алуға бола ма?*<br><br>***Қортынды***<br><br>*От та, суда, ауа да*<br><br>*Жан-жануарбарлығы* |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Гүл сыйлағым келіп тұр.***<br><br>*Бекіту кезеңі:*<br><br>***Дид ойын: «Достық көпір».***<br><br>***Шарты:*** *Еденге ұзынша лента «көпір» ретінде төселеді.*<br><br>*Лентаның екі шетінен екі топтың балалары бір-біріне қарама-қарсы шығады. Балалар көпірден бір-біріне көмектесіп жол беріп, орындарын ауыстырып өтуі керек.*<br><br>***Балаларды мадақтау***<br><br>***Музыка:***<br><br>***Тақырыбы: Достар***<br><br>***Ф. Оңғарсынова***<br><br>***Педагог:*** *Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?*<br><br>*«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар.*<br><br>***Музыка тыңдау:*** *«Достар»* ***Сөзі: Фариза Оңғарсынова***<br><br>***Әні : Айжігіт Асанов***<br><br>*Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр?*<br><br>***Ән айту:*** *«Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.*<br><br>*Сұрақ –жауап.*<br><br>*Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады.*<br><br>*Достарыңмен қалай ойнайсың?*<br><br>*Достарың туралы әңгімеле.* | *Ормантеңізтауларда*<br><br>*Табиғаттыңбайлығы.*<br><br>*Бала үні.*<br><br>***Балаларды мадақтау***<br><br>***Денешынықтыру***<br><br>***Кіріспе бөлім***<br><br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру.*<br><br>*Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жүгіру.*<br><br>*Қол жанда, өкшемен жүру.*<br><br>*Шеңбер бойы ауыстырмалы қадаммен жүру.Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br><br>***Негізгі бөлім***<br><br>***Жалпы даму жаттығулары***<br><br>***1.*** *Аяқты алшақ қоямыз, Буратинаға әдемі мұрын жасаймыз. Буратино мұрнымен «күн» салады. /5 рет қайталау/*<br><br>***2.*** *Аяқты алшақ қоямыз, жұдырықты түйіп, қолды жанға қою. Оң және сол иықты кезек жоғары көтеру. / 5 рет қайталау/*<br><br>***3.*** *Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет )*<br><br>***4.*** *Орнында тұрып, қол белде, аяқты алдыға кезек серпіп секіру.*<br><br>***5.*** *Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсатып, орнында секіру. /10-15секунд/*<br><br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Ботқа пісты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. «пы-ых, пы-ых ,пы-ых» деп айту.*<br><br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br><br>***1.*** *Бір орында тұрып, алға қарай секіру*<br><br>***2.*** *Кеглилер арасынан «жыланша» еңбектеу.*<br><br>***Қимылды ойын****: Кегілиді соқ.* |

<table>
<tr><td></td><td>Бұл суреттен не көріп тұрсың?<br>Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.<br>Қортынды:<br>Бүгінгі ұоқ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Ұоқ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>Смайлктер беру</td><td>Бастапқы қалыпқа келу.<br>Қортынды<br>Балаларды мадақтау.</td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="2">Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.<br>Киіну: Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Серуен:</td><td>Серуен № 7<br>Құстарды бақылау.<br>«Жұмбақ айтам өзіңе»<br>Таза ауада ой дамыту.<br>Беседкада ғы жұмбақтар<br>Еркін ойын. Балаларды бақылау.</td><td>Серуен № 12<br>Аула сыпырушы еңбегін бақылау.<br>Қимылды ойын: Тышқан мысық»<br>Еркін ойын. Балаларды бақылау.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Жаз серуен картотекасынан</td></tr>
<tr><td colspan="3">Эстафеталық ойындар<br>«Көкөніс отырғызу және жинау» эстафетасы.<br>«Екі команда бір-бірінің артына сапқа тұрады. Әр команда қарсы 5 «шұңқырұя» орналасқан. Алғашқыекіқатысушышелегіндегі «көкөністерін» сол «шұңқырұяларға» салыпкетіп 15 м қашықтықтатұрғанманеждіайналыпкеліп, қайтарында «шұңқырұядағы» көкөністерінжинап ала келеді. Қайтыпкелісіменшелегінкелесіқатысушығатапсырады.<br>Ең аз уақыт мөлшері бойынша жеңімпаз. Команда құрамы 10 адам. (5 ұл+5 қыз).<br>Жас батыр.<br>Команда құрамында 5 ұл. Әрқатысушыағашатпеншауыпбарыпманеждегідоптырезеңкетаяқпенұрыпкеріқайтады.</td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="2">Тазалық процедурасы.<br>Қолдарын сабынмен<br>жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | |
| *Түскі ас* | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | |
| *Ұйқы* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту,*<br><br>*шынықтыру шаралары.* | ***Жаттығу кешені № 17***<br><br>*Балапандар тұрайық*<br><br>*Көзімізді ашайық*<br><br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br><br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***Жаттығу кешені № 18***<br><br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br><br>*Көзімізді ашамыз*<br><br>*Жан-жағымызға қарайық*<br><br>*Төсектен біз тарайық* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | |
| *Бесін ас* | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | |
| *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеуәрекеті,*<br><br>*кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)* | ***Сурет***<br><br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br><br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br><br>*Жұмбақ жасыру.*<br><br>*Таңертең көзін ашады,*<br><br>*Әлемге нұрын шашады. (Күн)*<br><br>***Ой дамыту***<br><br>***-Күн туралы түсінік беру.***<br><br>*-Сұрақ – жауап .*<br><br>*- Табиғат нешеге бөлінеді?*<br><br>*-Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек? -*<br>*Жарық, жылу , су,ауа.*<br><br>*–Олар жылуды қайдан алады.*<br><br>*–Күннің шуағы деген не?* | ***Ой қозғау***<br><br>*-Мен дегенде нені түсінесіңдер?*<br><br>*-Жағымды қатынас дегеніміз не?*<br><br>*Әйгерім, сенің қасында тұрған кім?*<br>*Қалай ойлайсың, Ұлан ұл бала ма, әлде қыз бала ма?*<br>*Дастан, сен кімніңқасындаотырсың?*<br>*Балжанұл бала ма, әлдеқыз бала ма?*<br>*- Ал өздеріңніңденемүшелеріңтуралыбілесіңдер ме?*<br>*балаларғаадамныңденемүшелері: бас, мойын,*<br>*аяқ ,қолдарытуралысұрақтар.*<br>***Дид ойын: «Айна»***<br><br>***Шарты:*** *балалар айнаға қарап өздерін не үшін сүйетінін айтады*<br><br>***Ой қозғау.***<br>***«Жақсы болу өзіңнен»***<br>*Өлең жолдарын түсіндіру.*<br>*Жақсы болу өзіңнен.*<br>*Жаман болу өзіңнен.*<br>*Өзіңді өзің ая да,*<br>*Өзің үйрен өзіңнен.*<br>*Жақсылық көрсең біреуден,*<br>*Мен қандаймын деп ойла.* |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету***<br><br>*Алақанмен сурет салуда күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып салуды түсіндіру.*<br><br>***Дид ойын: «Қандай түс»***<br><br>*Ұжымдық жұмыс жасау.*<br><br>*Қадағалау, көмектесу*<br><br>***Саусақ жаттығуы:***<br><br>***«Дос болайық»***<br><br>*Торғайлармен дос болайық*<br><br>*Көңілдірек қанекей.*<br><br>*Жем береміз, бәріміз.*<br><br>*Егер жаңбыр жауа қалса,*<br><br>*Тығыламыз бәріміз.*<br><br>*күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз.*<br><br>***Сергіту сәті:***<br><br>***«Біз кішкентай баламыз»***<br><br>*Біз кішкентай баламыз,*<br><br>*Өсіп-өніп толамыз.*<br><br>*Көкке қолды созамыз,*<br><br>*Құстай қанат қағамыз.*<br><br>*Қарлығаш боп ұшамыз,*<br><br>*1-2-3 өсеміз де, толамыз.*<br><br>***Дид ойын: «Біздің көрме»***<br><br>*Шарты: балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.*<br><br>***Балалардың жұмысын мадақтау.*** | *Өзіңді өзің қолыңа ал.*<br>*Өзіңсің – ақыл айнасы,*<br>*Тиеді саған мәні бар.*<br>*«Өзіңді тану пайдасы»*<br>*Жақынды, досты аяла.*<br>***Қорытынды:***<br><br>*Өзін – өзі жақсы көру дегеніміз, жақсы қасиеттерге ие болу. Таза, ұқыпты жүру. Достарын, туған – туысқандарын сыйлау, жақсылық жасау. Сонда ғана біз бақытты боламыз.* |
| *Балалармен жеке жұмыс* | ***Санамақ***<br><br>*Бір үйде біз нешеуміз?* | ***Отан***<br><br>*Бақытты боп жүргенім* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Кел санайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым - атам,*<br>*Балан үйрек - апам,*<br>*Ортан терек - әкем,*<br>*Шылдыр шүмек - анам,*<br>*Кішкентай бөбек - мен.*<br>*Біз үйде нешеуміз?*<br>*Біз үйде – бесеуміз* | *Сенің арқаң, Ұлы Отан.*<br>*Елім менің –тірегім,*<br>*Құшағында гүл атам.*<br>*Шығысыңнан арайлы,*<br>*Күліп атқан құба таң.*<br>*Сененбақыттарайды*<br>*БаршамызғаҰлы Отан.* |
| *Серуенге дайындық* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету.*<br>*Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | |
| *Серуен* | ***Серуен № 7***<br>*Құстарды бақылау.*<br>***«Жұмбақ айтам өзіңе»***<br>*Таза ауада ой дамыту.*<br>*Беседкада ғы жұмбақтар*<br>***Еркін ойын. Балаларды бақылау.*** | ***Серуен № 12***<br>*Аула сыпырушы еңбегін бақылау.*<br>***Қимылды ойын: Тышқан мысық»***<br>***Еркін ойын. Балаларды бақылау.*** |
| ***Эстафеталық ойындар:***<br>***1. «Кім жылдам?»***<br>***Шарты:*** *Доппен секіріп, жылдам келу.*<br>***2 .«Жалауды тез жеткізу»***<br>***Шарты:*** *Кеглиді айналып жүріп, жалаушаны 2 – балаға жеткізу* | | |
| *Балалардың үйге қайтуы* | *Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.*<br>*Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)* | *Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.*<br>*Ата –аналарға:*<br>*Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру* |

**Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы** ***2- апта***

Білім беру ұйымы: «№1Алға мектеп-бақшасы» КММ
«Нұрбөбек» ересек топ.
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 05.06 – 09.06.2023ж

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балаларды қабылдау*<br>*Ата-аналармен әңгімелесу* | *Балаларды қабылдау кезінде ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.*<br>*Денсаулығына , тазалығына назар аудару, ата-анамен әңгімелесу. Ата-анаға төлем ақыны ескерту.*<br>*Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы* | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,*<br>*Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер* | *Шынықсаң шымыр боласың,*<br>*Сауығып айдай толасың.*<br>*Спорттысерікетебіл,*<br>*Жақсыазаматболасың.*<br>***Қимылды ойын: «Күн мен түн»***<br>*Ойын мақсаты: балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу* | *Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*<br>*Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз*<br>***Қимылды ойын: «Қарлығаш»***<br>***Ойын мақсаты:*** *балалардың бойындағы зейінділік сезімталдық, ұйымшылдық, ептілік сияқты қабілеттерін дамыту.* | *Спорт – көркі өмірдің,*<br>*Спорт - досың, серігің.*<br>*Жаттықсаң шымыр боларсың,*<br>*Шынығып, өсіп, толарсың,*<br>***Дид ойын: «Кім түсіреді?»***<br>***Ойын мақсаты :****балаларды ептілікке, дәлдікке, доппен ойнай білуге үйрету.* | *Ойнайық, ойнайық та ойлайық!*<br>*Қатардан артта қалып қоймайық,*<br>*Белсенді болайық ортада,*<br>*Уақытты тектен - тек жоймайық!*<br>***Қим ойын: «Алға жылдам жүр, тек жүгірме»***<br>***Ойынның мақсаты:****Өкпені тыныс алуын, жалпы дене қимылын,ептілігін дамыту.* | *Шымыр, сергек денеміз,*<br>*Спорт сүйер өренбіз!*<br>*Біз биіктен самғаймыз,*<br>*Қарсыластан қалмаймыз.*<br>***Дид ойын: «Поезд»***<br>***Ойынның мақсаты:****тыныс алуын жақсартып, ұжымда әрекет жасауға, дыбысқа жауап беруіне дағдыландыру.* |
| *Таңертенгі жаттығу* | ***Таңғы жаттығу кешені*** *Жаттығу түрі - сылдырмақ , әуенмен. Мақсаты**:** Жалпы даму жаттығуын жасай отырып, баланы шыңдау.*<br>***Маусым айының 2-аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тігілген*** | | | | |
| *Таңғы ас* | ***Тәтті тамақ жейміз.***<br>***Рақмет аспаз дейміз.***<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.*<br>*Әдептілік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| *Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке дайындық* | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..***<br>***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| *Білімберу ұйымының кестесі бойынша* | ***Саяхатшы Дарадан хат*** | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар мына жерде жатқан қызыл, сары, жасыл,* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*«Саяхатшы Дара» мультфилімінің музыкасы* | ***Таза ауада өткізу.***<br>***Дид ойын: «Табиғат әлемі»***<br>*Шарты: Әрбір кестеде суретті жасауға қажеттінің* | ***Таза ауада өткізу.***<br>*Тәрбиеші ортаға шығып Дара оның досы Ботиды* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *ұйымдастырыл*<br>*ған*<br>*іс-әрекет* | <br><br>*Құрметті балалар мен саяхаттағанды жақсы көремін.*<br>*Менің ендігі саяхатым Құм патшалығына бару.*<br>*Ал, мен құм туралы өте аз білемін. Мен құм патшалығына барғанда құммен қандай ойындар ойнау керек екенін және құмның көптеген қасиеттерін білу үшін маған көмек берулеріңді сұраймын. Мен сіздерден хат күтем.*<br>***Сәлемнен Дара.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар Дараға көмектесеміз бе?*<br>*Біз қазір кішкентай ғалымдарға айналамыз да құмның қасиеттері туралы зерттеу жасаймыз. Біз тез арада Дараға көмектесуіміз керек.*<br>*Ол үшін көп еңбек ету*<br>*кerekпіз. Бойымызға күш жинауымыз керек.*<br>*Ендеше бәріміз денемізді шын ықтырып, жаттығулар жас айық. Әуен қосылады.* | *көк түсті іздер кімнің іздері сендер білесіңдерме?*<br>*Балалар: Жоқ білмейміз.*<br>*Педагог: Менде білмеймін*<br>***Тосын сәт.***<br>*Еденде тұрған хатты көріп. Міне қызық хатты мында кім қойды екен! Хатты бірге оқиық, балалар.*<br>*Хатта: «Мен Саяхатшы Дарамын. Осы жолдан өту шартын дұрыс орындап шықсаңдар менімен кездесесіңдер» делінген.*<br>***Қим ойын: «Жолдан өту»***<br>***Ойын шарты:*** *Балалар қызыл түсті іздермен жүргенде секіреді, сары түсті іздермен билейді, көк түсті іздермен жүгіреді, жасыл түсті іздермен адымдап жүреді. Ал қанекей балалар жолдан өту шартын дұрыс орындап саяхатшы Дарамен кездесейік.*<br>***Ғажайып сәт.***<br>*Балалар түрлі - түсті іздермен жүріп, саяхатшы Дараны тауып алады Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы саяхатшы Дара бізге сонау Англиядан қонаққа келіпті. Сендердің дене жаттығуын қаншалықты меңгергендеріңді білгісі келеді.* ***Дарамен жаттығу.***<br><br>***Дене шынықтыру*** | *естіледі*<br>*-Балалар, бізге біреу қонаққа келе жатқан сияқты ма? Сендер бізге қонаққа келе жатқан кім деп ойлайсыңдар?*<br>***-Сәлем, менің атым Дара! Балалар, мен сендерге қонаққа келдім.***<br>*Дараның телефоны шырылдайды:*<br>*-Алло, Дара, мен Ботимын. Мен қиын жағдайға тап болдым. Сенің маған көмегің керек болып тұр. Маған көмектесесің бе?*<br>*-Әрине көмектесемін. Қазір жетемін. Балалар, Боти қиын жағдайға тап болыпты. Менімен бірге оған көмектесесіңдер ме? Қай жолмен жүретінімізді білмегенде кімнен көмек сұрайтын едік?*<br>*-Мен картамын, мен картамын! Алдымен құрамалы көпірден өтесің, Одан кейін қалың шыршалы орманнан өтесің, содан кейін барып батпақты көлшіктен өтесің.Қайталаймын:*<br>*1.Құрамалы көпір.*<br>*2.Қалың шыршалы орман.*<br>*3.Батпақты көлшік.*<br>*-Балалар,алдымен қайда барамыз?* ***Құрамалы көпірге.***<br>***Құрамалы көпірді су басып кеткен. Бұл суды тоқтату үшін біз ғалымға айналуымыз*** | *бәрі бар: ватман қағазы, қоңыр және көк жолақтар, күн, ағаш, гүлдер және адам. Мұның бәрін ватман қағазына әдемі етіп жапсыру керек осыдан*<br>***«Табиғат» суреті шығады.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Табиғат нешеге бөлінеді?*<br>*Тірі табиғатқа нелер жатады?*<br>*Өлі табиғатқа нелер жатады?*<br>*Табиғатты қорғау деген не?*<br>***Психологиялық тренинг: «Жаңбыр жауғызу»***<br>*Саусақ жаттығуларын орындау*<br>*-Балалар, мына батпақты қараңдар! Жаңағы жауған жаңбырдан кейін «батпақты көлшік» қалың батпаққа айналып кетіпті.*<br>***Сондықтан балалар бүгін сендермен біз ғалымдар боламыз.***<br>*Ал ғалымдар деген кім?*<br>*(балалардың жауабы)*<br>***Тәжрибе №1***<br>***Дид ойын: «Құм су ішеді»***<br>***Мақсаты:*** *Құммен жұмыс істеуге, тәжірибе жасауға қызығушылықтарын дамыту.*<br>***Ойын барысы:***<br>*Балаларға құрғақ құмнан үлкен төбе жасап көрсету. Төбенің жоғарғы бөлігінне жұдырықпен ойпат жасап, оған мұқият жұқа ағынмен су құямыз. Төбеде тағы бір ойпат* | *балаларға таныстырады. – сәлем – неллоу менің атым* ***Дара .*** *Диего менің жақын досым танысып қойыңдар.*<br>***Диего:*** *Балалар біз денсаулығымыз мықты болу үшін не істеуіміз керек ?*<br>*-қане жаттығудың бірнеше түрін жасап көрейікші .*<br>***Дене шынықтыру***<br>***/таяқшамен, әуенмен/***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.*<br>*Қол бүйірде бүкіл табанмен қалыпты, жұмсақ жүру.*<br>*Жай жүгіру, жүруге ауысу. Шеңбер бойымен жай жүру*<br>*таяқшаны кезекпен алып,*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Б.қ.: «Балапан су ішті»***<br>**1.** *Аяқтары иық мөлшерінде. Таяқша артта. 1-4 - басты алдыға қарай созып, таяқшаны артқы жақтан баяу жоғары көтеру. /6 р/*<br>***Б.қ.: «Биші мысық »*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Балалар әуенге сай жаттығу лар жасайды. жарайсыңдар! шеңбер бойымен тұра*<br><br>*қалайық. Бәрі бірге қосылып: Дараға көмек береміз*<br><br>*Бәріміз оған сенеміз,*<br>*Жүр десе ереміз.*<br>*Біз оны жақсы көреміз,*<br>*Біздің Дара, біздің Дара.*<br><br>***ТӘЖІРИБЕ №1 «Құм»***<br><br>***Мақсаты:*** *Құм түйіршіктерінің пішінін қарастыру*<br><br>***Қолданылатын материалдар:*** *Таза құм, науа, үлкейткіш әйнек.*<br><br>***Процессі:*** *Таза құмды алып, науаға толтыру. Үлкейткіш әйнек арқылы балалармен бірге құм түйіршіктерінің пішінін қарастыру. Ол әр түрлі болуы мүмкін; балаларға шөлде оның ромб тәрізді екенін айту.*<br>***Қорытынды:*** *Құм түйіршіктері әртүрлі пішінде болады.*<br><br>***ТӘЖІРИБЕ №2***<br><br>***«Құм конусы»***<br><br>***Мақсаты:*** *Құмның қасиеттерін қарастыру.*<br><br>***Қолданылатын материалдар:*** *Құрғақ құм.* | ***/таяқшамен, әуенмен/***<br><br>***Кіріспе бөлімі:***<br><br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.*<br><br>*Қол бүйірде бүкіл табанмен қалыпты, жұмсақ жүру.*<br><br>*Жай жүгіру, жүруге ауысу. Шеңбер бойымен жай жүру*<br><br>*таяқшаны кезекпен алып,*<br><br>*1 саптан 4 звеноға тұру.*<br><br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br><br>***Негізгі бөлім****:*<br><br>***Б.қ.: «Балапан су ішті»***<br><br>***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Таяқша артта. 1-4 - басты алдыға қарай созып, таяқшаны артқы жақтан баяу жоғары көтеру. /6 р/*<br><br>***Б.қ.: «Биші мысық »***<br><br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /6 рет /*<br><br>***Б. қ.: «Тартылу»***<br><br>***3.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. 1-2 - таяқшаны жоғарыға көтеріп созылу,аяқтың ұшымен* | ***керек.***<br><br>***Су - эксперимент***<br><br>***№1- Судың иісі.***<br><br>***Мақсаты:*** *Судың иісі бар-жоғын білу.*<br><br>***Қолданылатын материалдар:*** *Бір стақан қант және*<br><br>*бір стақан тұз қосылған су, иісті ерітінді.*<br><br>***Процессі:*** *Балалардан судың иісі қандай екенін сұрау. Жауаптарды естігеннен кейін олардан ерітінділері бар стақандардағы суды (қант пен тұз) иіскеуін сұрау. Содан кейін суға балалар көрмейтіндей иісті ерітіндіні тамызу.(апельсин т.б) Енді судың иісі қандай екенін сұрау.*<br><br>***Қорытынды:*** *Судың иісі жоқ, бірақ оған қосылған заттың иісі шығып тұрады.*<br><br>***№ - 2.Судың түсі.***<br><br>***Мақсаты:*** *Судың түсі бар-жоғын анықтау.*<br><br>***Қолданылатын материалдар:***<br><br>*Бірнеше стақан су, түрлі түсті бояулар.*<br><br>***Процессі:*** *Балалардан түрлі түсті бояуларды стақан суға салып, оларды араластыруын сұрау. Су қандай түске өзгергенін сұрау*<br><br>***Қорытынды:*** *Су түссіз, бірақ оған қосылған заттың түсіне* | *қалыптасады, ондағы су біртебірте жағаларға сіңіп кеткен көлге ұқсайды.*<br><br>***Қортынды: Құм жаңбыр жауғанда, су құйғанда балшыққа айналады.***<br><br>***Тәжрибе№2***<br><br>***«Дымқыл құм»***<br><br>***Мақсаты:*** *Дымқыл құмның қасиеттерімен таныстыру.*<br><br>***Қолданылатын материалдар:*** *Дымқыл құм, құмға арналған қалып.*<br><br>***Процессі:*** *Ылғал құмды алақанға алып, оны себу, бірақ ол алақаннан бөліктеп түседі. Құмға арналған қалыптарды дымқыл құммен толтырып, оны төңкеру. Құм қалыптың пішінін сақтайды.*<br><br>***Түйін:*** *Ылғалды құмды алақаннан себу мүмкін емес, ол құрғағанға дейін кез келген пішінді сақтай алады. Құм суланған кезде құм түйіршіктерінің арасындағы ауалар жоғалады, дымқыл жиектері бір-біріне жабысады.*<br><br>***Қортынды.***<br><br>*Міне біз кішкентай ғалым болып жұмыс жасадық, зерттеу жүргіздік.*<br><br>*Жарайсыңдар.* | ***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /6 рет /*<br><br>***Б. қ.: «Тартылу»***<br><br>***3.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. 1-2 - таяқшаны жоғарыға көтеріп созылу,аяқтың ұшымен тұру.3- б.қ. /6 рет/*<br><br>***Б.қ.: ««Әткеншек»***<br><br>***4.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Таяқшаны кеуде тұсында ұстап, денені оң-сол жаққа бұрады. /5 рет қайталау./*<br><br>***Б.қ.: «Мергендер»***<br><br>***5.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /6 рет қайталау/*<br><br>***Б.қ. : «Шабыс»***<br><br>***6.*** *Таяқшаны ат қылып ұстау. Сол қолымен таяқшыны ұстап, оң қолды жоғары көтеріп иіре айналдыру. Ат үстінде шабу. (15-20 секунд)*<br><br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br><br>***7.*** *Таяқшаны жерге тіреп ұстап, айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Процессі:*** *Бір уыс құрғақ құмды алып, оны бір жерге түсетіндей етіп себу. Бірте-бірте себілген сайын орнында конус пайда болады, ол биік және түбінде барған сайын үлкен аумақты алады. Егер құмды ұзақ уақыт сепсек, онда ол ағын сияқты төгіліп, қозғалады.*<br><br>***Қорытынды:*** *Құм қозғала алады.*<br><br>***ТӘЖІРИБЕ №3***<br><br>***«Қоймалар мен туннельдер»***<br>***Мақсаты:*** *Неліктен құмға түскен жәндіктер езіліп кетпей, аман-есен шығатынын қарастыру*<br>***Қолданылатын материалдар:*** *Қағаздан жасалған диаметрі қарындаштан сәл үлкенірек түтік, қарындаш, құм.*<br>***Процессі:*** *Түтікке қарындашты салу. Содан кейін түтіктің ұштары сыртқа шығып тұратындай етіп түтікшені құммен толтыру. Қарындашты алып, түтіктің мыжылып қалмағанын көру.*<br>***Қорытынды:*** *Құм түйірлері қорғаныш қоймаларын құрайды, сондықтан құмға түскен жәндіктер аман-есен жүріп, шыға алады.*<br>***Қортынды.***<br>*-Жарайсыңдар балалар. олай болса бүгін не туралы айтқанымызды тағы бір рет еске түсірейік.* | *тұру.3- б.қ. /6 рет/*<br><br>***Б.қ.: ««Әткеншек»***<br><br>***4.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Таяқшаны кеуде тұсында ұстап, денені оң-сол жаққа бұрады. /5 рет қайталау./*<br><br>***Б.қ.: «Мергендер»***<br><br>***5.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /6 рет қайталау/*<br><br>***Б.қ. : «Шабыс»***<br><br>***6.*** *Таяқшаны ат қылып ұстау. Сол қолымен таяқшыны ұстап, оң қолды жоғары көтеріп иіре айналдыру. Ат үстінде шабу. (15-20 секунд)*<br><br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br><br>***7.*** *Таяқшаны жерге тіреп ұстап, айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/*<br><br>***Қорытынды:***<br><br>*шеңбер бойы жүру. Таяқшаны үстел үстіне қою. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br><br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *шәйнектік дыбысын салу. Терең тыныс алып, демді шығару.*<br><br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.*** | *өзгере алады.* ***Су тоқтады.***<br><br>*-Балалар, енді қайда барамыз?*<br><br>*Қалың шыршалы орманға.*<br><br>*Ендеше қандай жолмен жүреміз?*<br><br>*Алдымызда үйілген топырақтар кедергі жасауда, біз тағы да ғалымға айналайық.*<br><br>*Топырақты зерттейміз.*<br><br>***ТӘЖІРИБЕ №4 «Шашыраңқы құм»***<br><br>***Мақсаты:*** *Шашыраңқы құмның қасиетін қарастыру.*<br><br>***Қолданылатын материалдар:*** *Елек, қарындаш, кілт, құм, науа.*<br><br>***Процессі:*** *Алаңды құрғақ құммен тегістеу. Құмды елек арқылы біркелкі себу. Қарындашты құмға асықпай батыру. Құмның бетіне ауыр затты (мысалы, кілт) қою. Құмдағы заттың ізінің тереңдігіне назар аудару. Науаны шайқау. Кілт және қарындашпен жанағы әрекетті қайталап жасау. Қарындаш кәдімгі құмға қарағанда, шашыраңқы құмда екі есе тереңірек түседі. Ауыр заттың ізі шашыраңқы құмға қарағанда, кәдімгі құмда айқынырақ көрінеді.*<br><br>***Қорытынды:*** *Шашыраңқы құм айтарлықтай тығызырақ. Бұл қасиет құрылысшыларға өте қолайлы және жақсы құм болып табылады.*<br><br>*Міне құм жайылып бізге жол* | ***Музыка***<br><br>***Тақырыбы: «Шынықсаң шымыр боласың»***<br><br>***Ой қозғау.***<br><br>*Деніміз сау болуы үшін не істеу керек? Балалар ой қорытып, спортпен айналысу керек деген тұжырымға келеді. Спорттың қандай түрлерін білесіңдер? Әлемге әйгілі спорт түрі аяқдоп (футбол) туралы ән үйренеміз.*<br><br>***Музыка тыңдау:*** *«Спорт маршы» (муз. В. Соловьев-Седой). Әуенді тыңдап, бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болатынын сұрау.*<br><br>*Шығарманың күшті, әлсіз бөліктерін ажыратуға үйрету.*<br><br>***Ән айту:*** *«Аяқдопшы» (муз. Т. Кулинова, сөзі. Б. Тобаяқов). Әннің сипатына көңіл аудару. Қандай көңіл күйде жазылған? Әннің мазмұны не туралы? Спорттың бұл түрін бұрын естігенің бар ма? Өздерің бұл ойынды ойнап көрдіңдер ме?*<br><br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Лентамен жаттығулар» (муз. Д. Шостакович (вальс). Вальс ырғағында ленталармен созылмалы қимылдар жасау. Лентаны жоғары-төмен көтеріп, түсіру, оңға-солға бұлғап мәнерлі қозғалыстар жасау. Вальс әуенінде екпінге* | ***Қорытынды:***<br><br>*шеңбер бойы жүру. Таяқшаны үстел үстіне қою. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br><br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *шәйнектік дыбысын салу. Терең тыныс алып, демді шығару.*<br><br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.***<br><br>*1.Тақта үстімен жүріп өту.*<br><br>*2.Обручтан, обручқа секіру.*<br><br>***Қимылды ойын:***<br><br>***«Күн мен жаңбыр»***<br><br>***Ойын шарты:*** *Балалар алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отыра алады, «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды.*<br><br>***Қорытынды:***<br><br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Диего :*** *Балалар біз шынығып алдық, енді менде сұрақ бар.*<br><br>***Біз табиғатқа қалай көмектесе аламыз?***<br><br>*- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***балалардың жауаптары***<br><br>***Жасаған жұмысымызды Дараға түсіріп жіберейік.*** | *1.Тақта үстімен жүріп өту.*<br><br>*2.Обручтан, обручқа секіру.*<br><br>***Қимылды ойын:***<br><br>***«Күн мен жаңбыр»***<br><br>***Ойын шарты:*** *Балалар алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отыра алады, «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды.*<br><br>***Қорытынды:***<br><br>*Балаларды мадақтау.* | *ашты.*<br><br>***Енді қайда барамыз.***<br><br>***Батпақты көлшікке.*** *Бұл көлшіктен қалай өтеміз?*<br><br>*Егер жүріп өтсек, балшыққа батамыз.*<br><br>*Бізге тағы да ғалым болу керек.*<br><br>***Эксперимент № 1.***<br><br>***Эксперимент-балшық деген не?***<br><br>*Педагогпен балалар өз бетінше ұнтақтан саз дайындайды.*<br><br>*Оны зерттеу, сұрақтарға жауап беру:*<br><br>*-Сіздің ойыңызша балшықтың*<br><br>*түсі қандай? Қоңыр.*<br><br>*-Балшық қатты ма, жұмсақ па? Жұмсақ.*<br><br>*- Балшық неге ұқсайды?*<br><br>*- Бір кесек сазда құмның жеке түйірлері анық көрінеді ме?*<br><br>*Құрғақ және дымқыл балшық доптарды салыстыру: біреуін ұста бірнеше күн бұрын жасаған, екіншісін мен қазір жасадым. Доптар бірдей ме, әлде әртүрлі ме?*<br><br>*Қандай айырмашылық бар? Қандай допты сығып ұстауға болады?*<br><br>*Доптарды еденге лақтырсаң не болады?*<br><br>***Біреуі пішінін өзгертеді,*** | *ілесіп қимылдау.*<br><br>***Дид ойын: «Мен бастаймын, сен жалға»***<br><br>*Шарты: Мен спротты ..........*<br><br>*Маған доппен ойнаған ...............*<br><br>***Дид ойын: «Топтастыр»***<br><br>***Шарты:*** *Суреттегі аяқ допшы-ларға өздеріне лайықты доптарын сызық арқылы қос.*<br><br>*Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау. ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.* | *- Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау*<br><br>*- Ағаштарға қалай көмектесе аламыз?*<br><br>*Су құю, қопсыту*<br><br>*- Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз?*<br><br>*- Құстарға қалай көмектесеміз?*<br><br>***Дара :*** *енді кезекті зерттеуімізді жасап, демалысқа шығамыз.*<br><br>***«Құмның қасиеттері» тәжірибесін жасаңдар.***<br><br>***Тәжірибе №1***<br><br>*Педагог балаларға құрғақ және дымқыл құм құйылған пластик бөтелкелерді береді және жерге жол салу және өрнек салу жолдарын көрсетеді. Ылғалды құм бөтелкеден түспейді, ал құрғақ құм бөтелкеден еркін ағады*<br><br>***Тәжірибе №2***<br><br>***«Температураға байланысты топырақтың жағдайы».***<br><br>***Мақсаты:*** *топырақ жағдайының ауа райы жағдайына тәуелділігін анықтау.*<br><br>***Тәжірибе барысы:***<br><br>***Шуақты күнде жерді зерттеу.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***екіншісі бөліктерге бөлінеді***<br><br>***Қортынды:*** *«Саз дымқыл және құрғақ. Біз дымқыл саздан затты мүсіндей аламыз, ол жұмсақ ал, құрғақ саз қатты және ыдырап кетуі мүмкін.*<br><br>*Дара рақмеет балалар сендердің көмектеріңмен мен Ботиға жеттім. Сау болыңдар.* | | *Топырақты қолымызбен ұстайық.* ***Ол қандай?***<br><br>*Жылы, күн топырақты жылытады, топырақ құрғақ қытырлақ, түсі ашық қоңыр.*<br><br>*Енд жерді жаңбыр жауғандай сулайық , топырақты қайта ұстап көреміз.* ***Не өзгерді?***<br><br>*Топырақ қарайды, дымқыл болды. Балалар саусақтарының ұшымен топырақтың үстін басып көру. Топырақ жабысқақ болды, түйіршіктер болып жабысады және суық су топырақты суық жаңбыр сияқты салқын етті.*<br><br>***Қандай керемет зерттеушісіңдер. Біз сендермен қоштасамыз. Сау болыңдар балалар.*** |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br><br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека №12***<br>*Жәдіктерді бақылау.* | ***Картотека №13***<br>*Күннің көзін бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Ауа – райын бақылау.* | ***Картотека №19***<br>*Көлік түрлерін бақылау.* | ***Картотека №20***<br>*Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау.* |
| | ***Жаз серуен картотекасынан*** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">

***Серуендегі эстафеталық ойындар:***

1. ***«Жүйрік ат»***
***Шарты:*** *Шарды екі аяғына қысып секіру*

***2. «Шеңбер»***
***Шарты:*** *бірінші бала допты шеңберге қою, екінші бала допты алып келу.*

***3.Мобильді ойын Кім туға жылдам***

***Мақсаты:*** *жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.*

***Ойын барысы:*** *Балалар бірнеше командаға бөлінеді. Бастапқы сызықтан 2 м қашықтықта доғалар, 3 м қашықтықта жалаулар стендке қойылады.*

***Тапсырма:*** *педагогтың белгісі бойынша доғаның астымен жорғалап өтіңіз, содан кейін екі аяқпен жалаушаға секіріңіз, оны айналып өтіп, бағанаңыздың соңына оралыңыз.*

</td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="5">Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру (тәрбиешінің ұйымдастыруы бойынша) Түскі асқа дайындық.</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Әңгіме жүргізу. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</td></tr>
<tr><td>Ұйқы</td><td colspan="5">Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.</td>
<td>№ 2<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық.</td>
<td>№ 2<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық.</td>
<td>№3<br>Көзіміздізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Қолмен көзді ұқалап<br>Созылып бір алайық.</td>
<td>№3<br>Көзіміздізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Қолмен көзді ұқалап<br>Созылып бір алайық.</td>
<td>№4<br>Көзіміз ашылды<br>Ұйқымыз басылды<br>Дем алдық ұйықтадық<br>Шаттанып ойнайық.</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="5">«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. (Картотека қосымша тігілген)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап таркарау және тағы басқа әрекеттер)* | ***Мүсіндеу***<br>***Миға шабул***<br><br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br><br>***Жұмбақ жасыру***<br><br>*Тепсең-ақ секіріп,*<br><br>*Ұстатпай қашады.*<br><br>*Бір жерге бекініп,*<br><br>*Тұра алмай сасады.*<br><br>***Ой дамыту***<br><br>***-Доп туралы түсінік беру.***<br>*-Сұрақ – жауап .*<br>*Доп қандай?*<br>*-Оның пішіні қандай?*<br><br>*-Доп неге ұқсайды?*<br><br>*-Доп қандай қимыл жасайды?*<br><br>*-Доптың түсі қандай?*<br><br>*-Доп неден жасалған?*<br><br>*Біз доппен қандай ойындар ойнаймыз?*<br><br>***Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету***<br><br>*Өз беттерінше жұмыс жасау.*<br>*Қадағалау, көмектесу*<br><br>***Топқа бөлу.***<br><br>***Дид ойын: «Қандай доптар»***<br><br>*Шарты: Үлкен және кіші доп суреттері арқылы таңдау.*<br><br>*1-топ ермексаздан үлкен доп* | ***Таңғажайып сәт.***<br><br>*Жалқаубектің қонаққа келуі.*<br><br>***Сұрақ- жауап.***<br><br>***Жалқаубектің не болған?***<br><br>*- Көңілсіз, үсті лас*<br><br>*-Сумкасын көтере алмай сүйреп жүр.*<br><br>*Қандай көмек береміз?*<br><br>***Қызығушылықты ояту***<br><br>***Жұмбақ жасыру.***<br><br>*Ерте мен күнде сен,*<br><br>*Қолыңа сүйкесең*<br><br>*Кетіп кір ласың*<br><br>*Тап – таза боласын*<br><br>*Бұл не?*<br><br>*Шомылған баланы*<br><br>*Аймалап алады.*<br><br>*Сүртеді қолыңды*<br><br>*Сүртеді бетіңді*<br><br>*Бұл не?*<br><br>*Балаларды топқа бөлу*<br><br>***1-топ «Тазалық»***<br><br>***Дид ойын: «Бұл бала қай, қай бала?»***<br><br>*Карашы үстіне,*<br>*Бір кіршік түстіме көзіңе*<br>*Тап-таза ақ қаздай*<br>*Киімі мұнтаздай* | ***Дид ойын: «Қоян өсімдіктері қырыққабат»***<br><br>*- Қоян өз бақшасында қырыққабат өсіреді. Қырыққабатты дұрыс орналастырыңыз: шағын шеңберлерде - кішкентай қырыққабатты салыңыз. Ал үлкен шеңберлерде - үлкен қырыққабат. Қандай қырыққабат үлкен, кіші немесе үлкен?*<br><br><br><br><br><br>***Түлкі***<br><br>***«Бисер» түймелері бар ойын***<br><br>*- Түлкі жүгіріп келе жатқанда моншақтарынан айырылып қалды.*<br><br>*Ол жылап: Мазасызданады*<br><br>*Қане, балалар, түлкіге көмектесіңдер ме?*<br><br>***«Түлкі» саусақ суреті***<br><br>*Балалар түлкінің контурлық бейнесін бояйды.* | ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br><br>***жұмбақ жасыру.***<br><br>*Өзі бір қу,*<br><br>*Жүрген жері айғай-шу.* ***(түлкі)***<br><br>***Суретпен жұмыс.***<br><br>*- Мына суретке қараңдаршы, мұнда не бейнеленген?*<br><br>*-Түлкінің баласын қалай атайды?*<br><br>*-Түлкі қандай?*<br><br>*-Біз түлкі туралы көп ертегі білеміз. Естеріңе түсіріңдерші, қандай ертегілерді білесіңдер?*<br><br>*Балалардың жауаптары.*<br><br>*-Өте жақсы. Олай болса мен сендерге бүгін түлкі туралы тағы бір ертегіні айтып беремін.*<br><br>***«Түлкі мен ешкі» ертегі.***<br><br>*Айтып беру.*<br><br>***Ой қозғау.***<br><br>*Мазмұны бойынша сұрақтар қою:*<br><br>*Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?*<br><br>*Түлкі қайда түсіп кетеді?*<br><br>*Ол құдықтан қалай шығып кетеді?*<br><br>*-Ал, ешкі қандай?*<br><br>*Ешкі ненің сөзіне алданып қалады?*<br><br>*- Не себептен?*<br><br>*-Құдық қандай екен?* | ***Дид ойын: ойын: «Гүлдерді топта»***<br><br>*Шарты: Дала гүлдерін көк қыстырғышпен, бөлме гүлдерін қызыл қыстырғышпен қыстырып белгілеуді ұсыну.*<br><br>***Дид ойын: «Су құйғышты әсемде»***<br><br>*Шарты: Әр су құйғыштың сыртындағы гүлді өз қалаған түспен бояу.*<br><br><br><br>***Дид ойын: «Толықтыр»***<br><br>***Шарты:*** *Суреттегі босорынды ермексазбен толықтыру.*<br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *мүсіндейді.*<br>*2-топ ермексаздан кішкентай доп мүсіндейді.*<br>***Дид ойын: «Біздің көрме»***<br>*Шарты: Балалардың жұмыстарын бағалау.*<br>*Сұрақтар ілмегі арқылы аяқтау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Ш.Смаханұлы. Доп***<br>*Добым менің, добым менің,*<br>*Өзің неткен көңілді едің.*<br>*Зымырайсың,құтыңдайсың,*<br>*Бірақ менен құтылмайсың.* | *Жарайсың балақай*<br>*Дейміз біз мадақтай*<br>***Салыстыру***<br>***-Анау бала, Бетін қара,***<br>*Кір қожалақ, қап-қара*<br>*Тырнағы өскен, Шашы көптен*<br>*Алынбаспты –ау масқара*<br>*Сұрақ –жауап*<br>*Осындай бала болмас үшін не істеу керек?*<br>***Дид ойын: «Тазалықтың достары»***<br>***Шарты:*** *Тазалық заттарын жинау.(сүлгі, сабын...)*<br>***2-топ. «Тағамдар»***<br>***Ой дамыту.***<br>***Суретпен жұмыс***<br>*Пайдалы тағам түрлерімен таныстыру.*<br>***Дид ойын «Жемістер мен көкөністерді жинау»***<br>***Шарты:*** *Екі себетке көкөністер мен жемістерді жинау.*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** | <br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** | *Түлкінің жасағаны дұрыспа?Неге?*<br>*Балалардың жауаптары*<br>***Дид ойын. «Ертегі құрастыр» (пазл)***<br>***Сергіту сәті:***<br>*Бала, бала, балақай,*<br>*Қол соғайық, алақай!*<br>*Бір, екі, үш деп айтайық,*<br>*Саусақтарды тартайық.*<br>*Жалқау бала болмайық,*<br>*Қолды қысып, ойнайық.*<br>***Сахналау***<br>*Балалрды рөлдере бөлу. Автордың сөзін тәрбиеші айтып тұрады.*<br>*Балалар қызығушылықпен ойнайды.*<br>***Дид ойын: «Өз мекенін тап»***<br>***Шарты:*** *Ешкіге үйін, түлкіге орман құрастыру..*<br>***Қорытынды.***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |
| *Балалармен жеке жұмыс* | ***Дидактикалық ойын: «Моншақтар тізбегі»***<br>***Мақсаты:****Балаларға моншақ жасауды үйрету.* | ***Дьенеш блоктарымен жұмыс***<br>***Дидактикалық ойын: «Машина жүріп барады», «Гүлдер өсіп тұр», «Биік*** | ***АҚТ технологиясымен жұмыс***<br>*Математикалық дамытушы ойындар*<br>*Сұрақ-жауап* | ***Мнемотехника әдісі***<br>***Тақырыбы: Киімдер***<br>*Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс* | ***«Бұны қай кезде киеді?»***<br>***Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***мұнара», «Күшік үреді».*** *Балаларды ойын тақырыптары бойынша топқа бөлу. Құрастыру нәтижесін бекіту.* | | *жасай отырып, балалардың киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету.* | *баяндату арқылы сөздік қорларынмолайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.* |
| *Серуенге дайындық* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу.* | | | | |
| *Серуен* | ***Картотека №12*** *Жәдіктерді бақылау.* | ***Картотека №13*** *Күннің көзін бақылау.* | ***Картотека №15*** *Ауа – райын бақылау.* | ***Картотека №19*** *Көлік түрлерін бақылау.* | ***Картотека №20*** *Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау.* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** ***Эстафеталық ойындар:*** ***1.«Кімжылдам?»*** ***Шарты:*** *Доппен секіріп, жылдам келу.* ***2 . «Жаңа орын»*** ***Шарты:*** *бірінші бала айналып жүгіреді, екінші баланың қолынан ұстап, орындыққа отырғызады.* | | | | |
| *Балалардың үйге қайтуы* | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.* | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.* | *Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.* |

**Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы *3- апта***

Білім беру ұйымы: «№1Алға мектеп-бақшасы» КММ
«Нұрбөбек» ересек топ.
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 12.06 – 16.06.2023ж

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балаларды қабылдау*<br><br>*Ата-аналармен әңгімелесу* | *Таңғы қабылдау.*<br><br>*Денсаулығына, тазалығына назар аудару. Ата-анамен баланың үйдегі денсаулығы жайында әңгіме жүргізу.*<br><br>*Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру.*<br><br>*Балаларға жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)* | ***Достық***<br><br>*Ортақ мекен жер шары,*<br>*Төбемізде бір аспан.*<br>*Барлық ұлттың баласы,*<br>*Достығымыз жарасқан*<br><br>*Ойнайық, ойнайық та ойлайық!*<br><br>*Қатардан артта қалып қоймайық,*<br><br>*Белсенді болайық ортада,*<br><br>*Уақытты тектен - тек жоймайық!*<br><br>***Қим ойын: «Алға жылдам жүр, тек жүгірме»***<br><br>***Ойынның мақсаты:*** *Өкпені тыныс алуын, жалпы дене қимылын,ептілігін дамыту.* | ***Тақпақ жаттау.***<br><br>***Отан Е.Өтетілеуұлы***<br><br>*Отан деген - Атамекен,*<br><br>*Отан деген - туған жер.*<br><br>*Отан - ана, Отан - үлкен,*<br><br>*Қазақстан - туған ел.*<br><br>***Қимылды ойын:«Аралар»***<br><br>***Мақсаты:*** *балалар ойын арқылы араның қандай жәндік екенін біледі.* | ***Санамақ***<br><br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел санайық екеуміз.*<br><br>*Бас бармағым - атам,*<br>*Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем,*<br><br>*Шылдыр шүмек - анам,*<br><br>*Кішкентай бөбек - мен.*<br><br>*Біз үйде нешеуміз?*<br><br>*Біз үйде – бесеуміз*<br><br>***Дид ойын: «Тату-тәтті отбасы»***<br><br>***Ойын мақсаты:*** *үлкендерді сыйлауды, отбасы мүшелерін дұрыс атауды біледі.* | ***Отан***<br><br>*Бақытты боп жүргенім*<br><br>*Сенің арқаң, Ұлы Отан.*<br><br>*Елім менің –тірегім,*<br><br>*Құшағында гүл атам.*<br><br>*Сененбақыттарайды*<br><br>*БаршамызғаҰлы Отан.*<br><br>***Қим ойын: «Өрмекші мен шыбын»***<br><br>*Мақсаты: балалар қимыл-қозғалыс арқылы , жылдамдықты үйренеді.* | ***Туған өлкем . <u>ӨтебайТұрманжанов</u>***<br><br>*Көгінде күн нұрын төккен,*<br><br>*Жерінде гүл жұпар сепкен.*<br><br>*Неткен сұлу, неткен көркем!*<br><br>*Осы менің туған өлкем!*<br><br>***Қим ойын:«Күн мен түн»***<br><br>*Мақсаты: балалар ойын арқылы күн мен түннің қасиеттерін біледі.* |
| *Таңертең-гі гимнасти-ка* | ***Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Жаттығу түрі - лентамен әуенмен***<br><br>***Маусым айының 3--аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тігілген*** | | | | |
| *Таңғы ас* | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Ойындар, ҰОҚ дайындық* | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу.***<br>***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| *Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Аспанда нелер тұрады?*<br>*күн, ай, жұлдыздар, бұлттар – педагог мұның бәрін магниттік тақтаға ілу.*<br>*Балалар осы аспан тұрғындары туралы ертегі тыңдағыларың келе ме?*<br>***Ертегі: «Ақылды баланың Ай мен Күнді татуластырғаны»***<br>***Ертегі желісі бойынша:*** *күн, бұлт, жаңбыр, өзгерген ай, жұлдыздар, бала суреттері.*<br>***Ертегі желісі:***<br>***Ерте, ерте, ертеде*** *аспанда Күн мен Айдан басқа ешкім өмір сүрмеген. Сол кезде Күн мен Айдың арасында дау болады: олар аспандағы ең басты мен деп дауласады.*<br>***Күн:*** *Мен аспандағы ең маңыздысымын. Менен адамдарға жарық пен жылулық алады диді.*<br>***Ай бұған шыдамай:*** *Жооок ең маңыздысы мен диді. Менсіз адамдар жоғалар еді. Түнде мен оларға адасып кетпесін деп, үйге апаратын жолды көрсетемін диді.*<br>*Екеуі ақылды баланың жерде жүргенін көргенше ұзақ таласады. Олар осы баладан* | ***Тосын сәт***<br>*Бүгін түнде басқа планетадан біздің балабақшаның тобына кішкентай бөтен планеталық құлап түсті.*<br><br>*Мен біздің балалар ма деп қатты қорықтым,*<br>*Балалар біздің планетамыз қалай аталады – Жер.*<br>*Кішкентай бөтен планета адамы біздің Жер планетасында ауа жоқ деп шешті. Бірақ бұл олай емес, енді біз оған дәлелдеуіміз керек. Бірақ ауа дегеніміз не?*<br>***Эксперимент***<br>*Барлығымыз терең дем алайық!* ***Немен дем алдың?*** *– Ауамен.*<br>*Сен оны көрдіңіз бе? - Жоқ. - Неге? Өйткені ол көрінбейді.*<br>*Дұрыс, ауа көрінбейді, бірақ оны ұстауға болады.* | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Балалар, сендер ғажайыпты жақсы көресіңдер ме?*** *(балалардың жауаптары)*<br>***-Білесің бе, мен бүгін таңертең*** *балабақшаға келе жатып, жолда дәл осындай таяқша тауып алдым. Менің ойымша, ол сиқырлы. Тексерейік!*<br>*Мысалы, сіз бүгін сумен ғажайыптарды айналдыратын жас ғалым болғыңыз келе ме? (балалардың жауаптары).*<br>*- Енді мен мына таяқшаның көмегімен бізді ғалымға айналдыруға тырысамын. Көздеріңді жұмыңдар, бір ғана шарт, музыка ойнап тұрғанда көздерің ді ашпаңдар ( әуен естіледі).*<br>*Музыка ойнауды тоқтатады, балалар көздерін ашады.*<br>*Көздеріңді ашыңдар, енді біз ғалымдармыз. Педагог балаларға қалпақ таратады , ал біз ғалым болғандықтан ғажайыптар жасауымыз керек.*<br>***Ал біз оларды Ғажайып зертханада жасаймыз.***<br>***- Зертхананың не екенін білесің бе? (балалардың жауаптары).***<br>*Иә, зертхана –тәжірибелер* | ***Миға шабуыл***<br>***Сұрақ-жауап.***<br>*Балалар табиғат дегеніміз не? Табиғат екіге бөлінеді.*<br>*Жанды жансыз*<br>*Қалай ойлайсыңдар тірі табиғатқа не жатады?*<br>*-Дұрыс адамдар, құстар,жануарлар.*<br>*өсімдіктер,ағаштар*<br>*Яғни, көбиетін, қоректенетін, өсетіндер жанды табиғатқа жатады. Ал жансыз табиғатқа не жатады?*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру:***<br>*Жер бетінде жатады*<br>*Онымен ойнайсың*<br>*Әр түрлі мүсін жасайсың.*<br>***(Құм)***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Балалар бүгін сендермен***<br>***біз ғалымдар боламыз.***<br>*Ал ғалымдар деген кім?*<br>*Дұрыс,бүгін сендермен құмның қассиетін зерттеуге* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Мен қандаймын?»***<br>*-Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң қол соқ*<br>***Тосын сәт: Салауат атай телефон шалу.***<br>*Құрметті балалар! Сендер жаз мезгілінде денсаулықты қалай сақтауды білесіңдер ма? Ұмытып қалмаңдар балалар, әр дайым шынығып тұрыңдар.*<br>*Ол үшін жаттығу залына барыңдар, жемістер мен көкөністер жеп тұрыңдар.*<br>*Ой балалар біз жаттығу залына баруды ұмытып* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *дауларын шешуді сұрады.*<br>***Ақылды бала оларға былай дейді:***<br><br>***Күншуақ - біз сені қатты жақсы көреміз.*** *Жарық пен жылу үшін. Бірақ кей кездері күн өте ыстық болса, өрт шығуы мүмкін.*<br><br>***Ай, біз де сені жақсы көреміз.*** *Түнде жол көрсетіп, адастырмағаның үшін .*<br><br>*Бірақ Ай Күн сияқты жарқырамайды.*<br><br>***Енді бір-біріңмен бөліссеңдер Күн, жарықтығың, ал сен Ай, салқындығыңмен.*** *Сонда адамдар сендерге алғысын білдіріп, сендерді одан сайын жақсы көретін болады диді.*<br><br>*Күн мен Ай мұны қалай жасауды, не ойлап табуды ұзақ ойланады.*<br><br>*Сонда Ай күлімсіреп, бәрін түсінеді, Күнге салқынын береді. Күннің жанында бұлттар пайда болады.*<br><br>*Бұлт Күнді жауып, онша ыстық болмайды. Бірақ бұл Күнге ұнамайды. Күн бұлтты күн сәулелерімен итеріп, бұлтты қытықтай бастайды. Ол көзінен жас аққанша күледі. Бұл көз жасы жерге тамшылап, жаңбыр болып жауа бастайды. Содан соң Ай Күн және бұлтпен дос болғысы келмей олардан жасырынуды шешеді. Ай мүлде жоғалып кетеді, кейде айдың жартысы ғана көрінеді.* | <br><br><br>***Эксперимент***<br><br>*Пластикалық пакетті алайық. Оны қолымызбен мыжып ұстсақ ол кішірейеді.* ***Неліктен?***<br><br>***Ішінде ауа болмағандықтан.***<br><br>*Ал енді пакеттің аузын ашып үрлеп оның аузын бұрайық.*<br><br>***Не болды?***<br><br>*Пакет ауаға толды.*<br><br>*Балалар пакеттегі ауаны көріп тұрсыңдар ма? Жоқ. Сонымен, ауа қандай? - көрінбейтін, мөлдір.*<br><br>*Балалар, қалай ойлайсыңдар ауаның салмағы бар ма? Ауыр ма, жеңіл ме? Ал енді біз оны тексереміз! Біз екі шарды үрлейміз, тек бір шарды көбірек үрлейміз, ал екіншісін кішірейтеміз және таразыға ілеміз.*<br><br>***Ал біз не көрдік?*** *Ауаның да салмағы бар екен! Балалар, біз ауаны көреміз бе? Жоқ, ол көрінбейді.* | *жасалатын ерекше орын.*<br><br>*№1 тәжірибе «Бір стақан судағы жаңбыр»*<br><br>*Тәрбиеші: Ал біз бірінші көретін табиғат құбылысы қандай, жұмбақты тапсаңдар білесіңдер.*<br><br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br><br>*Көз жасты – жылауық,*<br>*Келе жатыр бір алып.*<br>*Жабырқаса жылайды,*<br>*Жадыраса тарайды.*<br>***Бұлт***<br><br>*Тырс - тырс тамады,*<br>*Сайға қарай ағады.*<br>***Жаңбыр***<br><br>*Демек, жаңбыр жауу үшін бұлт керек, солай ма?.Оны қайдан аламыз? Ал мен оны ойлап таптым! Біз әдеттегі қырыну көбігін қолданамыз. (Мұғалім көбікті стақандағы суға сығады*<br><br>*Қалай ойлайсыңдар, біздің көбік неге суға батпайды*<br><br>*-Дұрыс, көбік судан жеңіл, сондықтан бетінде қалқып тұрады.*<br><br>*Балалар, қараңдаршы, қазір бізде де банкіде бұлт бар. Табиғатта бұлттар қалай пайда болады?*<br><br>*Дұрыс, бұлттар қызған ауамен аспанға көтеріліп, буға айналатын су тамшыларынан тұрады.*<br><br>*Бұлттарға жиналған судың ұсақ тамшылары салқындап, ауырлап, жерге түседі. Жаңбыр жауып* | *барамыз.*<br><br>*Балалар қарандаршы құмдар төбешіктер болып жатыр.*<br><br>*Қане біз алдымыздағы құмнан осындай төбешік жасап көрейік*<br><br>*Құммен жұмыс жасамай тұрып қауіпсіз ережесін еске түсірейк.*<br><br>*Ал құмды не үшін пайдалануға болады? Құрылыста, ыдыс жасағанда , шыны ,айна. Балалар сендер ғалымдар боласыңдар.*<br><br>***Дид ойын: «Зерттеушілер»***<br><br>***ТәжрибеNo1***<br><br>***1-нұсқа.*** *Ыдыстағы құмды түтікше арқылы үрлейміз. желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады*<br><br>***2-нұсқа.*** *Қасықтың көмегімен төбешік жасау.*<br><br>*Құм қандай?*<br><br>*Сусылдақ, жылжымалы.*<br><br>***Тәжірибе №2***<br><br>*Енді ылғалды құмды байқайық, құмды үрлеп көрейік үрленбейді. Жақын көрсететін шынымен қарап құмның пішіндерін анықтайық.*<br><br>*Енді ылғалды құмды байқайық олар бір-біріне жабысып пішіндер көрінбейді. құмның түсі* | *кеткен сияқтымыз. Тезірек жаттығу залына барайық.*<br><br>***Денешынықтыру.***<br><br>***Әуенмен***<br><br>***Кіріспе бөлімі:***<br><br>*Сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br><br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру,аяқты айқастыра жүгіру,сыртымен жүру. Жыланның жүрісімен жүру. Саптан 4 колонна да тұру.*<br><br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br><br>*1.Аяқты алшақ қою, обруч төменде,обручты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.5-6 рет.*<br><br>*2.Обручты екі қолмен омырауға ұстау. Оңға, солға бұрылып, қолды созу.*<br><br>*3.Отыру, обруч екі қолда төмен ұстау. Обручты жоғары көтеру, төмен екі өкшенің арасына түсіру, қайталау.5-6рет.*<br><br>*4. Аяқпен отыру. Обручты тік ұстау, оңға, солға қисаю.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Күн Айды іздейді, бірақ оны таба алмайды. Күн қорқып: «Ай, ай!» деп шақыра бастайды. Ал Күн қатты айқайлағаны сонша, күн сәулелерінің бір бөлігі шығып, аспанға шашылып, әдемі жарқыраған жұлдыздарға айналады. Олардың жарқырағандығы сонша, Ай соншалықты әдемі жарқыраған не екенін көруге шешім қабылдайды?*<br><br>*Алдымен мүйіз секілді айдың жартысы, содан кейін бүкіл дөңгелек жүзді ай пайда болады. Жарқыраған жұлдыздар әдемі Айды айналып өтіп, ол жаңа жұлдызды көйлекпен бұрынғыдан да әдемі болады.*<br><br>***Ақылды бала күлімсіреп:** «Енді, Күншуақ, сен бізге бұдан да жақсырақ боласың, бізді жылытып, бізге нұр сыйла. Ал қатты ыстық болған кезде бізге салқын жаңбыр жіберіп тұр. Тек сенің уақытың бізді таңнан кешке дейін жарқыратып, қуантсын.*<br><br>*Ал сен, сұлу Ай, кешкі және түнде салқындығыңмен және әдемі жұлдызды аспанмен бізді қуант деді.*<br><br>*- Біраз уақыт Күн мен Ай өте тату өмір сүрді. Бұлт жүгіріп шығып, күнді адамдардан жауып тастаған кезде ренжіген жоқ. Егер бұлт көтерілсе, күн сәулесімен күн бұлтты қытықтай бастады. Бұлт күлді де, жерге салқын жаңбыр жауып, қыста ақ қар жауды.* | <br><br><br><br>*Стакан су және түтікше. Біз түтікшемен стакандағы суды үрлейміз.* ***Үрлегенде не болады?***<br><br>*Көпіршіктер шықты. Иә, балалар, көпіршіктер! Ауа көпіршіктері! Міне, біз оны көрдік!*<br><br><br><br>*Міне, маңызды және қажетті ауа*<br><br>*Мына суретке мұқият қарайық.* | *жатыр!*<br><br>***Сондықтан жаңбырды бұлттан жерге түсетін су деп айта аламыз.***<br><br>*- Енді қалай болатынын көреміз.*<br><br>*- Тамшуырларды алымыз. Оларды түрлі-түсті сумен толтырып, оны бұлтты құмыраға тамызамыз. (тәжірибе жаңбыр дыбысымен бірге жүреді).*<br><br>*- Не болып жатыр?*<br><br>***Қорытынды: Тамшы бұлттардың арасынан өтті, себебі ол көбіктен ауыр және әдемі ағындармен құмыраның түбіне түседі. Жаңбыр осылай жауады.***<br><br>*Тәрбиеші: Менің жас ғалымдарым, енді сиқырлы таяқшамызды қолданып көрейік. Су тамшыларына айналғыларың келе ме.*<br><br>***Қим ойын: «Бұлт пен тамшылар»***<br><br>*Педагог балаларға тамшылар қалпақтарын береді, ал ол өзі бұлттар қалпақ киеді.*<br><br>***Музыкалық дыбыстар.***<br><br>*Тәрбиеші: Тамшылар жерге ұшты. Олар секірді, ойнайды, бірінен соң бірі секіріп олар шағын көңілді ағындарға жиналып, ағып жатты (тамшылар ағындарды құрайды). Тамшылар үлкен өзенде жүзеді, саяхат. Өзен ағады, өзен ағып,* | *қандай? Сары,ақшыл , ал ылғалды құм қара түсті.*<br><br>***Сергету сәті:***<br><br>*Күн болып жанайық*<br><br>*Мөлдір судай ағайық*<br><br>*Гүл болып жайнайық*<br><br>*Терең-терең домалап*<br><br>*Жүгіріп-жүгіріп алайық.*<br><br>***Тәжірибе№3***<br><br>*Енді стакандағы суға «воронка» қасықпен құм салайық, не байқадық тесіктен өтіп кетті су сияқты ия. Яғни құм сусымалы және ол суға батып кетті ,ол ауыр екенін байқадық*<br><br>***Дид ойын: «Тілші»***<br><br>***Шарты:** Балаларға микрофонды беріп сұрақтар қою.*<br><br>*Сендерге зерттеу жұмысы ұнадыма?*<br><br>*Нені зерттедіңдер?*<br><br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Музыка***<br><br>***Тақырыбы: «Су – өмірдің өзегі»***<br><br>***Музыка тыңдау: «Ақжайнақ» халық әні.*** | *5. Шалқадан жату.Обруч бастан жоғары. Аяқты тік ұстап, обручты тізеге тигізу.*<br><br>*6. Обруч еденде, айнала секіру, адымдап орнында жүру, секіру.*<br><br>*Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br><br>***2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары. 2- бөлім*** *Түрлері:*<br><br>*- Жіп астынан жүріп өту.*<br><br>*-Тақтайша үстімен жүріп өту.*<br><br>***Қимылды ойын:***<br><br>***Айдаһардың құйрығы»***<br><br>***Мақсаты:** Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға,үйрету.*<br><br>*Балаларды мадақтау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Кеш батып, түнде сұлу Ай өзінің жұлдызды көйлегін киіп, күллі аспанды шарлап, көңілді де қуанышты жүрді. Бірақ ол Күннің оянып келе жатқанын көрген бойда оның киімін Күн көрмеу үшін бірден жұлдызды көйлекті ай жамылғысымен жауып тастайды. Күн өз ойын өзгертіп, күн сәулесін алып кетсе ше деп қорықты.*<br><br>***Күн Айды көріп: «Ай, неге мұңайдың?» – депті.***<br><br>*Сен, түнде жұлдыздарың-ның қандай әдемі екенін көріп, оларды қайтарып аласың ба деп қорқамын-деді ай.*<br><br>*Күн жымиып: «Қорықпа, мен оларды алмаймын! Мен ұйықтап жатқанда, менің күн сәулелерім жарқырап, сен қуанта берсін! Жұлдыздардан шыққан көйлектерің өзіңіз сияқты ерекше болсын!*<br><br>***Содан бері таңнан кешке дейін Күн мен бұлт аспанға жауапты. Ал кешке және түнде аспанға – Ай және жұлдыздар жауапты болыпты.*** *Сөйтіп, ақылды бала Күн мен Айды татуластырады.*<br><br>***Эксперимент алаңы.***<br><br>*Енді біз осы ақылды бала секілді кішкентай ғалымдарға айналып, айға зерттеу жасайық.*<br><br>***Эксперимент: «Ай іздері» (құм терапиясы)*** | *Ауаның қалай жұмыс істейтінін өзің айт.*<br><br>***Қортынды:*** *есіңізде болсын: ауа барлық тіршілік иелеріне, жердегі барлық табиғатқа қажет! Адам көп күн тамақсыз өмір сүре алады. Ал ауасыз шыдау мүмкін емес.*<br><br>*Біздің қымбатты бөтен планеталық, сіз біздің Жер планетасында ауа бар екеніне сенімдісіз бе?*<br><br>*Балалар, біз қымбатты қонағымызға өз планетасына оралуға көмектесуіміз керек. Бірақ ол немен ұшуы керек? Мұндай қонақтар әдетте қалай келеді? ұшатын тәрелкемен.*<br><br>*Балалар біз қонағымызға осындай тарелка жасап берейік.*<br><br>*Оны жасау өте оңай . бізге екі пикник табақшасы қажет; кабинаға арналған шыны қалпақ; безендіру үшін пластикалық бөтелкенің кесілген түбін, желім мен фольғаны пайдалануға болады!*<br><br>*Балалар, мен қонағымызға тәрелке жасап, ұшырып жібердім!*<br><br>*Сау бол басқа планеталық адам!*<br><br>***Қортынды балаларды мадақтау.***<br><br>*Біз біраз шаршап қалған сияқтымыз, шынығып алайық.*<br><br>***Денешынықтыру.***<br><br>***Әуенмен***<br><br>***Кіріспе бөлімі:*** | *үлкен, үлкен мұхитқа құлады балалар дөңгелек құрады, шеңбер бойымен қозғалады. Содан кейін бұлт ананың үйге оралуын бұйырғанын есіне алады. Дәл осы кезде күн шығады. Тамшылар жеңіл болды, жоғары қарай созылды (отырып, балалар көтеріледі, содан кейін жоғары қарай созылады). Олар күн сәулесінің астында буланып, ана-бұлтқа оралады (балалар педагогқа жүгіреді).*<br><br>*Педагог сиқырлы таяқшаны алады, ал балалар қайтадан қалпақшаларын киіп, ғалымдарға айналдырады.*<br><br>***Қортынды:*** *балалар шеңберге тұру, сиқырлы таяқшаны алып (музыка естіледі), балалар көздерін жұмады, педагог ғалымдардың костюмін шешеді.*<br><br>*Сендер шаршаған шығарсыңдар, енді көңілденіп ән айтамыз.* | *(балалар ән жинағынан)*<br><br>*Әнді тыңдап, сипатын анықтайды, ән көңілді ма, әлде көңілсіз бе? Ән туралы әңгімелейді, қарапайым пікірлерін ортаға салады.*<br><br>***Ән айту:*** *«Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова).*<br><br>*Әнді педагог орындап болған соң, әннің мазмұнын сұрау, су туралы балалармен әңгіме өткізу.*<br><br>*Әннің көңіл күйін ажырату, қарқынына, ырғағына сәйкес әнді таза орындауларын қадағалау.*<br><br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).*<br><br>*Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.*<br><br>*Қортынды.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Мақсаты: Балаларда Ай Жердің табиғи серігі ретіндегі алғашқы түсініктерді қалыптастыру;*<br><br>*Құрал-жабдықтар: Ай бетінің макеті, жарма, кинетикалық құм*<br><br>***Эксперимент барысы:***<br><br>***-** Балалар, ай бетінің артына қараңдаршы, біреудің ізі бар. Оларды кім қалдырды деп ойлайсың? (балалардың жауаптары)*<br><br>*Біз кішкене тәжірибе жасап көрейік.*<br><br>***1-нұсқа.***<br><br>*Айдың бетіне жұқа жарма қабатын себеміз. Саусақпен шағын шегіністерді жасаймыз. Айдың бетіне қонған ғарышкерлер іздерін осылай қалдырады. Енді жарманы аздап үрлейік. Жолдарға не болды? Олар жоғалып кетті. Бірақ Айда әлі де іздер бар, көп жылдар бұрын ғарышкерлер барғанымен, олар жойылмаған. Неліктен деп ойлайсыз?*<br><br>*Қортынды: Айда жел жоқ, сондықтан ғарышкерлердің ізі сонда қалады. Ал жел дегеніміз не? Бұл ауаның қозғалысы, яғни Айда ауа жоқ.*<br><br>***2-нұсқа:** Ал енді ай үстіне қалың етіп топырақты құямыз, із қалдырамыз.*<br><br>*Сосын топыраққа үрлейміз.*<br><br>*Не болды? ол өзгеріссіз қалды.* | *Сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br><br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру,аяқты айқастыра жүгіру,сыртымен жүру. Жыланның жүрісімен жүру. Саптан 4 колоннатұру.* ***Жалпы даму жаттығулары:***<br><br>*1.Аяқты алшақ қою, обруч төменде,обручты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.5-6 рет.*<br><br>*2.Обручты екі қолмен омырауға ұстау. Оңға, солға бұрылып, қолды созу.*<br><br>*3.Отыру, обруч екі қолда төмен ұстау. Обручты жоғары көтеру, төмен екі өкшенің арасына түсіру, қайталау.5-6рет.*<br><br>*4. Аяқпен отыру. Обручты тік ұстау, оңға, солға қисаю.*<br><br>*5. Шалқадан жату.Обруч бастан жоғары. Аяқты тік ұстап, обручты тізеге тигізу.*<br><br>*6. Обруч еденде, айнала секіру, адымдап орнында жүру, секіру.*<br><br>*Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br><br>***2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары. 2- бөлім** Түрлері:*<br><br>*- Жіп астынан жүріп өту.*<br><br>*-Тақтайша үстімен жүріп өту.*<br><br>***Қимылды ойын:***<br><br>***Айдаһардың құйрығы»*** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Ал сіз бен біз айда ізімізді қалдырдық*<br><br>***Балаларды мадақтау.*** | ***Мақсаты:*** *Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға,үйрету.*<br><br>*Балаларды мадақтау* | | | |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br><br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| *Серуен:* | ***Картотека №21***<br>*Басқа топтың балаларының киіп жүрген киімдерін бақылау* | ***Картотека №22***<br>*Шөптерді бақылауы.* | ***Картотека №24***<br>*Түймедақ гүлін бақылау.* | ***Картотека №16***<br>*Көбелекті бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Ауа - райын бақылау.* |
| | ***Жаз серуен картотекасынан***<br><br>***Серуенде Эстафеталық ойындар.***<br><br>***1. Допты себетке салу***<br>*Допты секіртіп барып себетке түсіріп, секіртіп алып қайтадан допты келесі ойыншыға ұсынады.*<br><br>*Қай команда доптысебеткекөптүсірсе, сол команда жеңіске жетеді.*<br><br>***2. «Кім мерген?» Шарты:*** *Допты көтеріп алып жүріп ,қабырғадағы шарды*<br><br>*жарып қайтып допты келесі ойыншыға беру.* | | | | |
| *Серуеннен оралу* | ***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*** | | | | |
| *Түскі ас* | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.* | ***Жаттығу кешені №6***<br><br>*Балалар тұрайық*<br><br>*Көзімізді ашайық*<br><br>*Қолымызды созып*<br><br>*Шынығып бір алайық.* | ***Жаттығу кешені №7***<br><br>*Балапандар тұрайық*<br><br>*Көзімізді ашайық*<br><br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br><br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***Жаттығу кешені №8***<br><br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br><br>*Көзімізді ашамыз*<br><br>*Жан-жағымызға қарайық*<br><br>*Төсектен біз тарайық* | ***Жаттығу кешені №9***<br><br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br><br>*Көзімізді ашайық*<br><br>*Анда- мында созылып*<br><br>*Тарқасайық, тұрайық* | ***Жаттығу кешені №10***<br><br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, қунап алайық ,*<br><br>*Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | ***«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН.*** *(Картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| *Бесін ас* | ***Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру*.** | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)* | ***Сауықтыру шаралары:***<br>***Құмда жалаң аяқ жүру.***<br>***Дид ойын: «Сөйлемді аяқта»***<br>***Шарты:*** *мен сендерге сөйлемнің басын бастаймын, сендер аяқтайсыңыздар.*<br>*- Құстар ұша алады, өйткені .....................*<br>*- Құстар қоректенеді ...*<br>*- Көктемде қайтқан құстар ..*<br>*- Аяздан қорықпайды ...*<br>*- Үй құстары ...*<br>*- Құстар қорғайды ...*<br>*- Құстар бір–біріне ұқсайды, ...несімен?*<br>***Фонетикалық жаттығу:***<br>*Бала қарға – қарқ, қарқ (бәсең дауыспен)*<br>*Ана қарға – қарқ, қарқ (орта дауыспен)*<br>*Әке қарға – қарқ, қарқ (қатты дауыспен)* | ***Таза ауада демаламыз, ойнаймыз,***<br>***Білімді біз шыңдаймыз.***<br>***«Кубизм» әдісі***<br>*Кубиктер арқылы тапсырма орындау.*<br>*1-тапсырма*<br>*Жаңылтпашты қайталау, жаттау*<br>*Көк тырна*<br>*Көп тырна*<br>*Тыраулап тек*<br>*Көп тұрма*<br>***Сергіту жаттығуы***<br>***Дид ойын: «Болады - болмайды»***<br>***Шарты:*** *Құстарды баптауға қатысты іс-әрекеттер айтылады. Дұрыс әрі тура мағынадағы сөйлем айтылса, қол шапалақтайды, бұрыс сөйлем айтылғанда келіспесе, аяғын топылдатады.*<br>*Құстарды таспен атуға болады.*<br>*Құстарды тамақтандыруға болады* | ***Қимылды ойын: «Тату-тәтті отбасы»***<br>***Ойын мақсаты:*** *Балаларүлкендерді сыйлауды біледі. Отбасы мүшелерін дұрыс атай алады.*<br>***Ойын барысы:*** *Бөлме ішінде әсем әуен ырғағымен жеңіл билеп жүреді. Тәрбиеші әуенді тоқтатып, хабарлама жасайды: «Тату-тәтті жанұяда»*<br>*3 адам тұрады. Балалар үштен, екіден, төрттен бірігеді. Ойын осылайша жалғаса береді.* | ***Шынықтыру шаралары***<br>***Тыныс алу жаттығулары «Кімнің шары алысқа ұшады?»***<br>***Мақсаты:*** *Дөңгелек жақ бұлшық етін дамыту, тыныш тұрған еріндер кезінде мұрынмен дұрыс тыныс алуын жаттықтыру.*<br>***Көрнекіліктер:*** *үстел, екі дөңгелек шар(әртүрлі түстен), екі текше (немесе түйме) шардың түстерімен сәйкес лента*<br>***Барысы:*** *Балалар жұпқа бөлінеді. Әр балаға шар беріледі. Үстел үстіне лента қойылады және оның үстіне шарларды қояды.Балалар жүргізушінің бұйрығы бойынша мұрын арқылы тыныс алып, шарды үрлеуі тиіс. Шарды үрген кезде жеткен жеріне лента түсіне сәйкес текше немесе түйме қойылады. Кімнің шары үш мүмкіндікте ең ұзақ жылжыса сол жеңімпаз болады.* | ***Таза ауада ойын жаттығулары***<br>***Қимылды ойын: «Жіп айналады»***<br>***Мақсаты:*** *балалар бірлесіп жұмыс істеуді біледі.*<br>***Ойын барысы:*** *Балаларға тәрбиеші жіпті көрсетіп, оның қалай оралатынын көрсетеді. Балаларға осыны бейнелеуді ұсынады. Барлығы қолдарынан ұстап, бірінші тұрған бала жіптің рөлін атқарады.Ол бөлменің ортасында тұрып екінші баланың қолынан ұстайды, ал ол үшіншісін ұстайды. Содан жіп пайда болады.*<br>*Тәрбиеші соңғы баланың қолынан ұстап , бірінші балаға қарай жіпке ұқсап айналады. Балалар «Жіп-жіп-жіп айналады!»- дейді.Сонан кейін жіп тарқатылғандай болып, балалар қолдарын жібермей кейін жүреді. Ойын 3-4 рет қайталанады.*<br>***Керекті құралдар:*** *жіп.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Құстың ұясынан жұмыртқа алып, жаруға болады.*<br>*Құстардың ұясын бұзуға болады.*<br>*Құстарға қамқорлық жасауға болады.* | | | |
| *Балалрмен жеке жұмыс* | ***Дид ойын: «Не артық?»***<br>*Мақсаты: Суретте тұрған артық затты таба біледі.* | ***Дид ойын: «Гүлдер біздің досымыз»***<br>*Мақсаты: балалар гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, суару, қопсыту дағдыларын меңгереді.* | ***Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»***<br>*Мақсаты: Балалар құстар туралы түсіне отырып, құстарға қамқорлықпен қарауды біледі.*<br>. | ***Дид ойын: «Қоянға көмектесеміз»***<br>*Мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуды біледі.* | ***Дид ойын: «Жеке атауын ата»***<br>*Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырата біледі.* |
| *Серуенге дайындық* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу.* | | | | |
| *Серуен* | ***Картотека №21***<br>*Басқа топтың балаларының киіп жүрген киімдерін бақылау* | ***Картотека №22***<br>*Шөптерді бақылауы.* | ***Картотека №24***<br>*Түймедақ гүлін бақылау.* | ***Картотека №16***<br>*Көбелекті бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Ауа - райын бақылау.* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту.***<br>***Серуенде эстафеталық ойындар.***<br>***1.Кегли***<br>*Тізілген кеглиді кіші доппен соғу арқылы құлатып, ұпай жинайды. Қай команда көпқұлатса, сол команда жеңіскежетеді.*<br>***2. Мәреге кім бұрын жетеді?***<br>*Мұғалімніңбелгісібойыншасекіртпемensекіріпшығып, белгініайналыпсекіріпкелукерек. Секіріпкелгенойыншысекіртпенікелесіойыншығаұсыныпсаптыңартынатұрабереді. Ойындықай команда бұрынбітірсе, солжеңіскежетеді.* | | | | |
| *Балалардың үйге қайтуы* | *Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.* | *Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.* | *Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.*<br>*Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.*<br>*Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы..* | *Ана – аналармен әңгімелесу.*<br>*Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Балалардың сұранып үйге қайтуы* | | |

**Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы *4-апта***

Білім беру ұйымы: «№1Алға мектеп-бақшасы» КММ
Топ: «Нұрбөбек» ересек топ.
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 19.06 – 23.06.2023ж

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балаларды* | *Балаларды дене тазалығын тексеріп қабылдау. Көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып,* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *қабылдау*<br><br>*Ата-аналармен әңгімелесу* | *жағымды жағдай орнату қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс.*<br><br>*Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру.* | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті кітаптар қарау және тағы басқа әрекет)* | ***«Суретші қай жерде қателесті?»***<br><br>***Міндеті:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* | ***«Бұл қай мезгіл?»***<br><br>***Міндеті: Жаз*** *мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.* | ***Дид ойын: «Телефон»***<br><br>***Мақсаты:*** *естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді.* | ***Отан» Ж. Әбдірашев.***<br><br>*«Отан – әжем,*<br><br>*Отан-анам!»*<br><br>*«Туған ел!» деп,*<br><br>*«Туған жер!» деп,*<br><br>*Ол бекерге аталмаған...*<br><br>*Атам,Әжем,Әкем,Анам –*<br><br>*Төртеуі де «Отан!» маған.*<br><br>*Төртеуі де «Ботам!» дейді,*<br><br>*«Ер азамат атан!» дейді .* | ***Мен де балғын гүлмін***<br><br>***Автор. М. Байсариева***<br><br>*Арасынды гүлдің*<br><br>*Ойнап бүгін жүрдім*<br><br>*Қызыл, көкшіл, сары*<br><br>*Әп-әдемі бәрі*<br><br>*Енді ғана білдім-*<br><br>*Мен де балғын гүлмін!* |
| *Таңертең-гі гимнасти-ка* | ***Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Жаттығу түрі - лентамен әуенмен***<br><br>***Маусым айының 4--аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тігілген*** | | | | |
| *Таңғы ас* | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* | | | | |
| *Ойындар, ҰОҚ дайындық* | *Бала, бала , балақай,*<br><br>*Қол соғайық алақай,*<br><br>*Бір, екі, үш деп атайық,*<br><br>*Саусақтарды тартайық*<br><br>*Жалқау бала болмайық,* | *Ашық менің жүрегім*<br><br>*Ылғи күліп жүремін.*<br><br>*Бірге ойнапғ бір жүрер*<br><br>*Достарым көп, білемін!* | *Достар , бері келіңдер,*<br><br>*Қолдарыңды беріңдер.*<br><br>*Шаттық толы шеңберге,*<br><br>*Қуанышпен еніңдер!* | *Қуанамыз күлеміз,*<br><br>*Бар әлемде сүйеміз.*<br><br>*Қол ұстасып, қуанып,*<br><br>*Достарымен бір жүреміз* | *Жабырқауды білмейміз*<br>*Жалқаулықтысүймейміз*<br>*Біз талантты жас ұлан,*<br>*Үлгі аламыз жақсыдан* |
| *Білімберу ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған* | ***Қызығушылықты ояту.***<br><br>***Хат келу***<br><br>*Құрметті балалар біз сіздерді өзіміздің Циркке* | ***Қызығушылықты ояту.***<br><br>***Телефон шырылдау.***<br><br>***Хабарлама келу.*** | ***Қызығушылықты ояту.***<br><br>*Балалар бүгін мен сендердің бәріңді кішкентай ғалымдар еткім келеді. Сендерге ғалым болып,* | ***Қызығушылықты ояту.***<br><br>***Қоңырау даусы естіледі.***<br><br>*Балалар бізді серуенге шығуға шақырып жатыр. Бүгінгі серуен* | ***Таңғажайып сәт.***<br><br>*Жалқаубек шығады, үсті басы кір-кір.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *іс-әрекет* | *қонаққа шақырамыз*<br>*Балалар саяхатқа барған ұнай ма?*<br>*Ендеше мына сиқырлы таяқшамен цикркке барамыз.*<br>***Дид ойын: «Цирк шатырының құрылысы»***<br>*Балалар геометриялық пішіндерден цирк шатырын салады. Пішіндердің (шеңбер, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) және олардың түсін атау.*<br><br>***Дид ойын:***<br>***«Цирк аренасында»***<br>*-Пілді үлкен тұғырға отырғызайық. Ал енді арыстанды шағын шкафқа орналастырайық.*<br>*Жылқыны айналуға жіберейік. Маймылды әткеншекке отырғызу. Санау таяқшаларынан баспалдақ құрастыру.* | *-Ия балалар дәрігерден келген екен*<br>*Тәрбиеші хабарламаны оқиды.*<br>*Саламатсыздарма балалар!*<br>*Біз сіздерді тексеруден өткізуге барамыз. Шынығу шараларын жасауды үйретеміз.*<br>***Сұрақ –жауап***<br>*Шынығу шараларына нелер жатады?*<br>*Біз не үшін шынығамыз?*<br>*Деніміз сау болу үшін не істеген дұрыс?*<br>***Дид ойын:***<br>***«Дене мүшелерді ата»***<br>*Шарты: дене мүшелерін көрсетіп атау.*<br>*(Бас, мойын, қол, кеуде, аяқ)*<br>***Қ .Мырза Әли***<br>*-Екі көзің не үшін керек?*<br>*- Жақсыларды көру үшін!*<br>*- Екі қолың не үшін керек?*<br>*- Елге көмек беру үшін!*<br>*- Құлақ деген не үшін керек?*<br>*- Ақыл-кеңес тыңдау үшін!*<br>*-Тіл мен жағың не үшін керек?*<br>*- Ақиқатты айту үшін!*<br>*- Ал аяғың?..*<br>*- Шетте жүрсем,*<br>*Туған жерге қайту үшін!*<br>*Өлең жолдарының* | *жұмыс жасаған ұнай ма?*<br>*Ендеше бәріміз мына сиқырлы таяқшаның көмегімен ғалымға айналамыз.*<br>***Мынау біздің зертханамыз.***<br>***Тәжірибе №1***<br>***«Қайсысы тез өседі»***<br>***Мақсаты:*** *Өсімдіктердің өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларды анықтау, өсімдіктердің топыраққа тәуелділігін негіздеу.*<br>***Қолданылатын материалдар:*** *Екі бірдей қазтамақ кесінді, суы бар ыдыс, топырақ салынған құмыра, өсімдік күтіміне арналған заттар.*<br>***Процессі:*** *Өсімдіктердің топырақсыз ұзақ өмір сүре алатынын (олай мүмкін емес) және олар суда немесе топырақта жақсы өсетінін анықтауды ұсыну. Балаларға қазтамақ кесіндісін әртүрлі су, топырағы бар ыдыстарға салуды ұсыну. Жаңа жапырақ пайда болғанша оларды бақылау. Педагог Тәжірибе нәтижелерін өсімдіктердің топыраққа тәуелділігінің моделі түрінде бақылау күнделігіне жазып алу.*<br>***Қорытынды:*** *Топырақтағы өсімдікте жапырақ* | *ерекше болатын сияқты.*<br>***Тосын сәт.***<br>***Шығар есікте каровка тұрады.*** *Ішінен бес беттен тұратын үн қағазды көрсету. Бұл үн қағаз арқылы сендер көңілсіз балаға көмектесе аласыңдар делінген.*<br>*Егер бала көңілді болса онда серуенде қызықты ойын ойнауға көмектеседі.*<br>*Балаға көмектесеміз бе?*<br>***Серуен алаңы.***<br>***-1 бет тапсырмасы.***<br>*-бала көңілсіз, ол неге көңілсіз.*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Ауа туралы жұмбақ.***<br>*Бір нәрсе жер мен көктің арасында,*<br>*Көрінбейді өзі түгіл, қарасы да.* ***(ауа)***<br>*Ауа жөнінде кімнің тақпағы, кім қандай ауа туралы пікір айтады?*<br>*Ауа туралы такпақ.*<br>***Ой қозғау.***<br>*-Ауа арқылы не болады?*<br>*-Грипп*<br>*-Ауаны не ластайды?*<br>*-Машина түтіні т.б*<br>*Ауа таза болса баланың көңілі шат көңілге бөленеді.* | ***Сұрақ- жауап.***<br>***Жалқаубекке не болған?***<br>*- Көңілсіз -Үсті лас*<br>*-Сумкасын көтере алмай сүйреп жүр.*<br>*Қандай көмек береміз?*<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Ерте мен күнде сен,*<br>*Қолыңа сүйкесең*<br>*Кетіп кір ласың*<br>*Тап – таза боласын*<br>***Бұл не? сабын***<br>*Шомылған баланы*<br>*Аймалап алады.*<br>*Сүртеді қолыңды*<br>*Сүртеді бетіңді*<br>***Бұл не? сүлгі***<br>*Бұлар нелер екен?*<br>*Тазалықтың досы*<br>***Жалқаубекке керек заттарды атау.***<br>***Дид ойын: «Жаңылма»***<br>***Бұл бала қай бала?***<br>*Қарашы үстіне,*<br>*Бір кіршік түстіме көзіңе*<br>*Тап-таза ақ қаздай*<br>*Киімі мұнтаздай*<br>*Жарайсың балақай* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>- *Циркте сайқымазақ бар. Ол күлкілі және бәрін күлдіруге тырысады.*<br>***Дид ойын: «Сайқымазақ»***<br>*-Қарашы, бұл сайқымазақ. Оны оны әдемі етейік. Сайқымазақтың шашын, қалпақ* ***жапсыру.***<br><br><br>***Дид ойын:«Көңілді сайқымазақ» қысқышпен ойын***<br>*-Ал енді тағы бір сайқымазақ безендіруге көмектесеміз. Оған әдемі киім қыстырғыш жағасын жасайық.*<br><br>*– Біздің циркте мықты жігіт өнер көрсетеді. Ол өте күшті және үлкен салмақты көтере алады.* | *мағынасын түсіндіру.*<br>*Деніміз сау болу үшін жаттығу жасап шынығып тұруымыз керек.*<br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен, қолын керіп ұстап, иығына жазып жүру.*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен бір доп алу/*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>***/доппен, әуенмен/***<br>***Б.қ.: «Буратино» ойыны***<br>*1. Аяқты алшақ қоямыз, доп жанымызда. Буратинаға әдемі мұрын жасаймыз.*<br>***Б.қ: «Аттап созылу»***<br>*2. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда, 1- оң аяқты бүгу, 2- алға қарай бүгілген аяққа қарай иілу керек, дәл осы қимылды екінші аяқпен қайталайды./6 рет /*<br>***Б.қ.: «Бауырсақ»***<br>*3. Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. 1- тізерлей отырып, допты айналдыра* | *тезірек пайда болды, ол топырақтан жақсы күш алады;*<br>*ал судағы өсімдік әлсіз болып келеді.*<br>***Тәжірибе №2***<br>***Сумен және сусыз***<br>***Мақсаты:*** *өсімдіктердің өсуі мен дамуына қажетті сыртқы орта факторларын (су, жарық, жылу) бөліп көрсету.*<br>***Құрал-жабдықтар:*** *екі бірдей өсімдік (бальзам), су.*<br>***Тәжірибе барысы:*** *Өсімдіктердің неліктен сусыз өмір сүре алмайтынын анықтау (өсімдік қурап қалады, жапырақтары қурайды, жапырақта су бар); бір өсімдік суарылып, екіншісі суарылмаса не болады (суармаса өсімдік кеуіп, сарғайып, жапырақтары мен сабағы икемділігін жоғалтады т.б.)?*<br>*Біз бір апта ішінде суаруға байланысты өсімдіктердің күйін бақылау нәтижелерін шығарамыз.*<br>***Қорытындылаймыз***<br>*Иә, өсімдіктер сусыз өмір сүре алмайды.*<br>***Ой қозғау.***<br>*- Гүлдердің ұзақ уақыт ауырмай, жайқалып тұруы* | *Балалар бізге ауаның не үшін қажет екенін білгілерің келеме?*<br>*Олай болса тәжірибе жасап көрейік.*<br>***Тәжірибе: Ауаның қасиеті.***<br>*Терең дем алып, аузымыз бен мұрнымызды қолымызбен жауып, демді іште сақтайық. Қиналып кеткенде демдеріңді шығарыңдар, дем ала бастаңдар.*<br>*Ауасыз қандай қиын екенін сездіңдер ме?*<br>*Біз ауасыз өмір сүре аламызба?*<br>***2-ші бет микробтар*** *Оларды тазарту үшін микроптар туралы тақпақ айту.*<br>***Дид ойын: «Атап айт»***<br>***Шарты:*** *Микроптарға не жатады? Кір қол, жуылмаған нәрселер.*<br>***Тақпақ: «Микроптар»***<br>*Микробты көрдің бе,*<br>*Көрсең,айтшы,қай кезде?*<br>*Микраскопсыз ол мүлде,*<br>*Көрінбейді жай көзге.*<br>***3-ші бетте***<br>*Дид ойын: «Кім тапқыр?»*<br>***Су туралы жұмбақ жасыру.***<br>*Жылт-жылт етеді,*<br>*Жылғадан өтеді-ол не?* ***(су)***<br>*-Су қалай ластанады?* | *Дейміз біз мадақтай*<br>***Салыстыру***<br>***-Анау бала, Бетін қара,***<br>*Кір қожалақ, қап-қара*<br>*Тырнағы өскен,*<br>*Шашы көптен*<br>*Алынбаспты –ау масқара*<br>*Сұрақ –жауап*<br>*Осындай бала болмас үшін не істеу керек?*<br>***Ой қозғау.***<br>***Дені сау болу үшін адамға не керек?***<br>*Тазалық, дәрумендер, шынығу, мейрімділік керек.*<br>*Жалқаубек біздің балалардың денсаулықты сақтау туралы ойлары ұнады ма?*<br>*Жалқаубек мен үйге тез барам да тап-таза болып жуынам, спортпен айналысам кеттім.*<br>***Түйін:*** *Денсаулық ол күлуің,*<br>*Денсаулық ол жүруің, Ешбір жерің ауырмай. Бақытты өмір сүруің.*<br>***Ендеше деніміз сау болу үшін денемізді шынықтырамыз.***<br>***Денешынықтыру*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***«Ауыр жеңіл» эксперименті***<br>***Шарты:*** *Қапшықтарды қолдарыңызға ұстап, қайсысы жеңіл, қайсысы ауыр екенін айтыңыз.*<br>*Балаларға мақта мен малтатас салынған сөмкелер ұсынылады.*<br>***Дид ойын: «Күшті цирк» Түймелермен ойын***<br>*- Мына суретте цирктегі күшті адам ауыр гірлер мен штанганы көтеріп тұр. Түймелерді түсі мен өлшемі бойынша ермексазбен әсемде*<br><br>***Сергіту сәті музыкамен.***<br>***Циркте*** *жаттықтырушылар әрқашан өздерінің үйретілген жануарларымен бірге өнер көрсетеді.*<br>***Дидактикалық ойын «Тордағы жануарлар»***<br>*Қойылымнан кейін жануарлар өз торларына оралады. Жануарларды торға салуға көмектесіңіз. Ұзын жирафты биік торға салыңыз, содан кейін зебра мен маймылға қолайлы* | *домалатады. 2- б.қ. /6 /*<br>***Б. қ.: «Аққу қанатын қақты»***<br>*4. Аяқтың ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары-төмен «аққудың» қанаты сияқты жасау.*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>*5. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземенде қайталау. /6 рет /*<br>***Б.қ.: «Кетті, кетті домалап»***<br>*6. Аяқтары алшақ, допты аяқпен оңнан – солға , солдан- оңға қарай сырғыту. /15-20 секунд/*<br>***Б. қ.: «Көңілді доп»***<br>*7. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Қолды жоғары созып, орнында секіру. /10-15сек/*<br>***4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.***<br>*Маршпен жүру. Еркін жүру.(допты себетке қою)*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1. Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап* | *үшін не істеу керек?*<br>*- Күтіп - баптау керек. Гүлдерді жұлмау керек. Гүлдерді баспау керек. Гүлдер өсіп тұрған бөлмеде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көңіліміз көтеріңкі болады. Олардың көптеген түрлері болады. Түстері де әр түрлі болады. Гүлдер біздің досымыз.*<br>***Дид ойын: «Гүлзардағы көбелектер мен гүлдер»***<br>***Шарты:*** *Балаларға жасанды гүлдерді таратып, гүлзарға отырғызуды ұсыну. Оған көбелектер қондыру.*<br>***Тақпақ: Гүлдер***<br>***Гүльнази Назарова***<br>*Гүлдер, гүлдер көп гүлдер,*<br>*Қандай сұлу көпсіңдер.*<br>*Тербелесің жай ғана*<br>*Желмен бірге шайқала.*<br>*Өсіңдерші жайқала.*<br>*Гүлім, гүлім, гүлімсің,*<br>*Қандай әсем,сұлусың.*<br>***Сұрақ –жауап.***<br>*Сендерге ғалым болған ұнады ма?*<br>*Нені зерттедік?*<br>*Балаларды мадақтау.* | *Суды таза ұстау үшін не істеу керек? Суды біз барлық тірі жанға пайдаланамыз. Су бар жерде тіршілік өмір бар.*<br>***Су туралы тәжірибе жасап суды микробтан тазалаймыз.***<br>***Тәжірибе: «Тірі су»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды судың өмірлік қасиеттерімен таныстыру.*<br>***Қолданылатын материалдар:***<br>*Тез гүлдейтін ағаштардың жаңа кесілген бұтақтары, суы бар ыдыс, «Тірі су» белгісі.*<br>***Процессі:*** *Ыдысты алып, оған «Тірі су» белгісін жабыстыру. Балалармен бірге бұтақтарды бақылау. Осыдан кейін, бұтақтарды суға салып, ыдысты көрінетін жерге қою. Уақыт өткеннен кейін, олар тіріледі. Егер бұл теректің бұтақтары болса, олар тамырларын жаяды.*<br>***Қорытынды:*** *Судың маңызды қасиеттерінің бірі - барлық тіршілік иелеріне өмір сыйлау.*<br>***4-ші беттің тапсырмасы.***<br>*Табиғат туралы қандай тақпақ, тыйым сөздер, пікір айтамыз.*<br>***Балалар:***<br>*Табиғат мейірімді ана сияқты, өзіндегі барды адамдарға жан-жануарға береді.*<br>***Ал, мінекей, балалар біздің 5-ші шеңберіміз де микроптан*** | ***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен, қолын керіп ұстап, иығына жазып жүру.*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен бір доп алу/*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>***/доппен, әуенмен/***<br>***Б.қ.: «Буратино» ойыны***<br>*1. Аяқты алшақ қоямыз, доп жанымызда. Буратинаға әдемі мұрын жасаймыз.*<br>***Б.қ: «Аттап созылу»***<br>*2. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда, 1- оң аяқты бүгу, 2- алға қарай бүгілген аяққа қарай иілу керек, дәл осы қимылды екінші аяқпен қайталайды./6 рет /*<br>***Б.қ.: «Бауырсақ»***<br>*3. Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. 1- тізерлей отырып, допты айналдыра домалатады. 2- б.қ. /6 /*<br>***Б. қ.: «Аққу қанатын қақты»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *торларды таңдаңыз.*<br>***Дид ойын:«Пілдерді биіктікте орналастыр»***<br>***Шарты:*** *Балалар картоннан пілдердің үлкенінен кішісіне қарай суреттерін орналастырады.*<br><br>***Қим ойын:«Үйретілген жануарлар» жаттығуы***<br>*Балалар, егер қаласа, жануарларға арналған қалпақтарды киіп, тәрбиеші-бағдарламашының бұйрығын орындайды: тұру, отыру, жату, жорғалау, отты құрсау сақинасына жорғалау, орындық бойымен жүру, кедергіден өту.*<br>***Құрылыс материалынан құрылыс «Ат қоршаулары»***<br>*Санағыштан балалар қоршаулар жасайды: аласа – бір сырықтан, орташа – екі сырықтан, биік – бірінің үстіне бірін төселген үш сырықтан.*<br>***Цирктегі жылан «Жылан»***<br>*- Қорапты ашып, одан жыланды алыңыз. Жыланның ұзындығы қанша? Жылан ұзын. Жіпті тарт, жыланның қалай жорғалағанын көрсет.* | *жүруді*<br>*2. Доғалар астынан еңбектеп өту.*<br>***Қимылды ойын:***<br>***«Допты қуып жет»***<br>*Шарты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.*<br>*Қорытынды:*<br>***Эксперимент алаңы:***<br>***«Менің добым»***<br>***Мақсаты:*** *Жеңіл заттардың суда қалқып қана қоймай, сонымен қатар судан «секіріп кетуі» мүмкін екендігі туралы түсінік беру. Тапқырлықты, зейінді, байқағыштықты дамыту.*<br>***Қолданылатын материалдар: су*** *толтырылған шағын ванна, кішкентай резеңке доп, майлық, қарындаш, қағаз.*<br>***Процессі:*** *Доппен тығылыспақ ойынын ойнау.*<br>*- Доп суға батады ма? Балаларды допты қолдарымен ұстап көруді ұсыну. - Ол қандай? (серпімді, жеңіл). Су толтырылған шағын ваннаға допты салу. - Допқа не болды, неге ол батпайды?*<br>*(Доп қалқып тұрады, ол жеңіл). Балаларға допты ваннаның түбіне дейін батырып, қолдарымен ұстап тұрып, жіберіп қалуды ұсыну.*<br>*- Допқа не болды? (Ол* | | ***тазаланды.***<br>***Дид ойын: «Табиғат сәні»***<br>*Табиғатқа көбелек, құстар, аңдар, жәндіктерді жапсырамыз.*<br>***5-ші беттің тапсырмасы.***<br>***Ән тыңдау.***<br>*- Кімнің ән тыңдағысы келеді, кімдер билегісі келеді? Балалар өз өнерлерін ортаға салады.*<br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: «Біз өмірдің гүліміз» Ә. Дүйсенбиев***<br>***ҰІӘ барысы.***<br>*Балаларды «Күн шуағы» атты шаттық шеңберге тұрғызу.*<br>*Күлімде күн күлімде*<br>*Бүлдіршіндер қуансын*<br>*Жарқырап күнде ашылды*<br>*Айналаға нұр шашылды*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.*<br>*Ән саламыз күнде біз,*<br>*Шаттық толы іргеміз,*<br>*Біз тату достармыз,*<br>*Бізүнемібіргеміз.*<br>***Әнүйрену: «Біз өмірдің гүліміз» Ә. Дүйсенбиев***<br>*Дауыс диапазондарын ескеріп,* | *4. Аяқтың ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары-төмен «аққудың» қанаты сияқты жасау.*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>*5. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземенде қайталау./6 рет /*<br>***Б.қ.: «Кетті, кетті домалап»***<br>*6. Аяқтары алшақ, допты аяқпен оңнан – солға , солдан- оңға қарай сырғыту. /15-20 секунд/*<br>***Б. қ.: «Көңілді доп»***<br>*7. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Қолды жоғары созып, орнында секіру. /10-15сек/*<br>***4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.*** *Маршпен жүру. Еркін жүру.(допты себетке қою)*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1. Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді*<br>*2. Доғалар астынан еңбектеп өту.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Еденге жайылған «жыланға» балалар кеуделерімен жатып, қолдары мен аяқтарын тербетеді, содан кейін аударылады, шалқасынан жатады, қолдары мен аяқтарын жоғары көтереді. Жыланның жүруі, жорғалауы, секіруі.*<br><br>***Сендерге цирк ұнады ма?***<br><br>*Біздің қайтатын уақытымыз болды.*<br><br>*Сиқырлы таяқшаның көмегімен бақшаға қайту.* | *судың бетінен секіреді).*<br>***Қорытынды:*** *Доп ауамен толтырылған, ол жеңіл және жеңіл заттар суда батпайды. Су жеңіл заттарды судың бетінен итереді* | | *дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды.*<br><br>*Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді.*<br><br>*түсінеді.*<br><br>*Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады.*<br><br>***Дид ойын: «Достарыңмен қалай ойнайсың?»***<br><br>***Шарты:*** *Достарың туралы әңгімеле. Суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.*<br><br>***Қортынды.***<br><br>*Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы?*<br><br>*Смайлктер беру*<br><br>***Енді мына баланы қарайық.***<br><br>*Ол енді күле ме екен. Олай болса күліп тұрған баланы қарайық**.***<br><br>***Алақай бала күлді. Біз қызықты ойын ойнаймыз***<br><br>***Бәрі хормен:***<br><br>*Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет!*<br><br>*Аспан Таза ауаң үшін рахмет!*<br><br>*Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рахмет!*<br><br>*Ағаш, көлеңкең үшіе рахмет!* | ***Қимылды ойын:***<br><br>***«Допты қуып жет»***<br><br>*Шарты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.*<br><br>***Қорытынды:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *Табиғат сұлулығың үшін рахмет!*<br>***«Жол табу» ұжымдық ойыны.***<br>*Шарты: Балалар шеңберге отырады. Олардың әрқайсысында жануар бейнеленген маска. Орман, дала, ағаштың діңі бейнеленген суретерін қою.  Педагог балаларға бұрылып, тұрғылықты жері мен баратын жерін атайды.*<br>*- Сәлеметсіз бе! Ал мен қайдамын? Мүмкін маған біреу көмектесер, адасып қалдым, далаға барар жолды қайдан табарымды білмеймін? Ой, ой әттең, айналада ешкім жоқ, мұнда ешкім тұрмайтын шығар! Кенет бұтаның артынан қоян секірді*<br>*Сәлем, мен қоянмын! Мен осында тұрамын және мен саған  далаға апаратын жолды көрсете аламын. Кел менімен бірге жүр.Тышқан өмір сүреді!.... т.б.*<br>***Қортынды. Балаларды мадақтау*** | |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме  жүргізу.  Серуенге  шыққанда  қауіпсіздік ережелері  туралы  ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу,  киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| *Серуен:* | *Картотека №1*<br>*Ауа райын бақылау* | *Картотека № 3*<br>*Желді бақылау* | *Картотека № 4*<br>*Аспанды бақылау* | *Картотека № 5*<br>*Бұлтты бақылау* | *Картотека №11*<br>*Ағаштарға бақылау жасау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Серуеннен оралу | ***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*** | | | | |
| Түскі ас | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. .*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| *Ұйқы* | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| *Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.* | ***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».*<br>*- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.*<br>*«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,*<br>*- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.*<br>*- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.*<br>*- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.*<br>*- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.* | ***№5***<br>*"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».*<br>*2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.*<br>*3. "Құстар көңілденіп жатыр" – қолды шапалақтау* | ***№6.*** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.*<br>*- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.*<br>*- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау* | ***№7*** *«Күннің оянуы»*<br>*- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.*<br>*- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.*<br>*- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады.*<br>*басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.*<br>*«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады* | ***№10***<br>*Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)*<br>*Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау)*<br>*Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау)*<br>*Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау)*<br>*Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| *Бесін ас* | ***Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру***. | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)* | ***Сурет***<br>***Ертегідегі бауырсақ***<br>*Тосын сәт*<br>*Есік қағылып, почташы хат әкеледі.*<br>***Хатты ашу.***<br>*Ата мен әжеден*<br>***2. Ой ашар.***<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*- Қоян, қасқыр, аю, түлкі* | ***«Құстың ұясы» әңгіме оқып беру, түсіндіру.***<br>*Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою*<br>*Балалар ойнап жүріп нені көрді?*<br>*Ұяда не бар екен?*<br>*Балалар не істеді?*<br>*Балалапанды үйіне алып келгеннен кейін не болды?* | ***Дид ойын: «Бұл заттар не үшін?»***<br>*Тәрбиеші: Ал, енді мен сендерді қимыл деп атаймын, ал сендер маған осыған қажетті тақырыпты айтасыңдар.*<br>*киімді біріктіру - түйреуіштер*<br>*кестелеуші – инелер мен жіптер*<br>*саусағын шаншып алмас* | ***Санамақтар еліне саяхат***<br>***Жеті ұл***<br>*Сәл демалып, тыным ал.*<br>*Тақпақ тыңдап, ұғып ал.*<br>*Апта деген ағайдың*<br>*Жеті бірдей ұлы бар:*<br>*Біріншісі – Дүйсенбі,*<br>*Екіншісі – Сейсенбі,*<br>*Үшіншісі – Сәрсенбі,*<br>*Төртіншісі – Бейсенбі,*<br>*Жұма деген – Бесінші ұл,*<br>*Алтыншы ұл – Сенбі,* | ***Қызығушылықтаын ояту.***<br>***Тосын сәт. Тауық келеді.***<br>*Балалар тауықпен амандасады.*<br>*Балалар қонаққа келген тауық өте мазасызданып тұр, не болғанын тауықтан сұрап көрейік. (балалардың назарын тауыққа аударады.)*<br>*-Балалар тауық бізге келе жатып балапандарынан адасып қалыпты, тауықтың балапандарын табуға* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *кездесетін қандай ертегі?*<br><br>*-Бауырсақ ертегісі ұнайма сендерге?*<br><br>*-Бауырсақтың түсі қандай?*<br><br>*-Пішіні қандай?*<br><br>***Ой қозғау.***<br><br>***Дид ойын: «Пішін мен түсін ата»***<br><br>***Сөздік жұмыс.***<br><br>***Домалақ, домалап, пісірді.***<br><br>***2.Үлгіні талдау.***<br><br><br><br>*Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету.*<br><br>*Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету, түсіндіру.*<br><br>***3. Сергіту сәті.***<br><br>***Бауырсақ әнін айту.***<br><br>*Менің атым бауырсақ,*<br><br>*Мені қаймаққа иледі,*<br><br>*Майға пісірд,*<br><br>*Суытып қойды.*<br><br>*Мен атадан қаштым,* | *Әкесінің сөзінен кейін балалар қайтті?*<br><br>*Балалардың жасағаны дұрыс па?*<br><br>*Балалар не істеу керек еді?*<br><br>***Сергіту сәті:***<br><br>*Ал, балалар , тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br><br>*Оңға қарай иіліп,*<br><br>*Солға қарай иіліп*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br><br>***Топқа бөлу.***<br><br>*1- ші топ геометриялық пішіндер арқылы құстарға ұя жапсырады.*<br><br>*2-ші топ қиылған бөлшектерден белгілі бір құстың суретін құрастырады.*<br><br>*2 топқа жұлдызша беру.*<br><br>***Дид ойын: «Құсты ұясына қондыр»***<br><br>*Шарты. Балалар жасаған құсты ұяға қондыру.* | *үшін – оймақ*<br><br>*тігу, жазу - тігін машинасы*<br><br>*киімді кигізіп қою - манекен*<br><br>*кесу - қайшы*<br><br>*Киімді әдемілеу - үтік*<br><br>*өрнек салу - бор мен сызғыш*<br><br>*адам мен матаны өлшеңіз - сантиметр*<br><br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?***<br><br>*»Дөңгелек өзі,*<br>*Төртеу көзі.*<br>*Ұстайды мықтап,*<br>*Тұрғанды сырттап.*<br>***Түйме***<br>*Киімдегі қуыс,*<br>*Ұсақ-түйекке ыдыс.*<br>***Қалта***<br><br>*Қолы бар,*<br><br>*Саусағы жоқ.*<br><br>*Мойны бар,*<br><br>*Басы жоқ.*<br><br>***(Көйлек)***<br><br>*Гүлдері бар құлпырған,*<br><br>*Кең жазықтан аумайды.*<br><br>*Оған әркім ұмтылған,*<br><br>*Киім киер оңтайлы.*<br><br>***(Мата)*** | *Жетіншісі – Жексенбі.*<br><br>***<u>Абдрахман Асылбек</u>***<br>*Ал, санаңдар,*<br>*Санаңдар,*<br>*Бізге, достар,*<br>*Қараңдар.*<br>*Мен – үлкені*<br>*Ардақпын,*<br>*Дейді мамам:*<br>*«Ардақтым!».*<br>*Мен – өнерпаз Арманмын,*<br>*Түрлі әуенге салғанмын.*<br>*Мен – спортшы Албанмын,*<br>*Озып, жүлде алғанмын.*<br>*Мен – суретші Айнатпын,*<br>*Үйдің ішін жайнаттым.*<br>*Мен – кішкентай*<br>*Әйбатпын,*<br>*Бөпешімді ойнаттым.*<br>*Санашы енді,*<br>*Нешеуміз?*<br>*Әрине,*<br>*Біз – бесеуміз.* | *көмектесеміз бе?*<br><br>***Топқа бөлу.***<br><br>*Тауық,балапан суреті арқылы топқа бөлу.*<br><br><br><br>***1-топ*** *тауық тобы балапанды сары гуашпен бояйды.*<br><br>***2-топ*** *балапанды саусақ арқылы бояйды.*<br><br>***3-топ.*** *балапан сұлбасын дән арқылы беру.*<br><br><br><br>*Балалардң жұмысын бақылау.*<br><br>*Тауыққа балапандарды сыйлау.*<br><br>***Қорытынды.***<br><br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Әжеден қаштым,*<br>*Қоянды көрдім, қасқырды көрдім, аюды көрдім бәрінен қаштым, түлкіден де қаштым.*<br>***Өз беттерінше жұмыс.*** *Қадағалау, көмек көрсету*<br>***Дид ойын: «Біздің көрме»***<br>*Шарты: Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.*<br>*Ата мен әжеге бауырсақты табыстау.*<br>*Балалардың жұмысын бағалау.*<br>*«Ата мен әжеге бауырсақ сыйлаймыз» дид ойыны арқылы аяқтау.*<br>***Балаларды бағалау*** | | *Адамдардың киімін,*<br>*Ұстап тұрар иығым.*<br>***(Киім ілгіш)*** | | |
| *Балалармен жеке жұмыс* | ***Әдемі кілемшелер***<br>***Мақсаты:*** *бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.* | ***«Затты сипаттау»***<br>***Мақсаты:*** *Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын байыту.* | ***Сиқырлы суреттер***<br>***Мақсаты:*** *балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.* | ***«Әдемі гүл»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту* | ***«Сиқырлы қапшық»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша*<br>*салыстыруға, топтастыруға үйрету.* |
| *Серуенге дайындық* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу.* | | | | |
| *Серуен* | *Картотека №1*<br>*Ауа райын бақылау* | *Картотека № 3*<br>*Желді бақылау* | *Картотека № 4*<br>*Аспанды бақылау* | *Картотека № 5*<br>*Бұлтты бақылау* | *Картотека №11*<br>*Ағаштарға бақылау жасау* |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Таңғы жаттығу картотекасын бекіту.<br>Серуенде эстафеталық ойындар.<br>1.Кегли<br>Тізілген кеглиді кіші доппен соғу арқылы құлатып, ұпай жинайды. Қай команда көпқұлатса, сол команда жеңіскежетеді.<br>2. Мәрегекімбұрын?<br>Мұғалімніңбелгісібойыншасекіртпеменсекіріпшығып, белгініайналыпсекіріпкелукерек. Секіріпкелгенойыншысекіртпенікелесіойыншығаұсыныпсаптыңартынатұрабереді. Ойындықай команда бұрынбітірсе, солжеңіскежетеді.</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйге қайтуы</td><td>Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.</td><td>Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.</td><td>Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.<br>Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы..<br>Балалардың сұранып үйге қайтуы</td><td>Ана – аналармен әңгімелесу.<br>Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.</td><td>Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.</td></tr>
</table>

**Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы** ***5-апта***

Білім беру ұйымы: «№1Алға мектеп-бақшасы» КММ
Топ: «Нұрбөбек» ересек топ.
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 26.06 – 30.06.2023ж

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балаларды қабылдау*<br><br>*Ата-аналармен* | *Балаларды қабылдау. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру, балалардың үсті-басына көңіл.*<br><br>*Денсаулығына ,тазалығына назар аудару. Балаға жағымды жағдай туғызу.*<br><br>*Балалармен денсаулық, тазалық туралы әңгіме жүргізу* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *әңгімелесу* | *Ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін орнату.*<br>*Балалармен демалыс күндері туралы әңгіме жүргңзу* | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)* | *Балалармен жазғы киімдер жайында әңгіме жүргізу*<br>***Дид ойын: «Түсін ата»***<br>***Шарты:*** *Киімдердің түсін ажырату* | ***Дид ойын: «Сиқырлы дорба»***<br>***Ойын шарты.***<br>*Балалар әр затты мұқият қарапшығып, олардың атын*<br>*атап береді.* | ***Дид ойын:***<br>***«Үй жануарлары»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар үй жануарлары мен төлдерді*<br>*Ажыратып,олардың қимылын ,қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс атай алады.* | ***Дид ойын: «Табиғат құбылыстарын ата»***<br>***Мақсаты:*** *Суреттен табиғат құбылыстарын, ажыратып өз ойын айта алады.* | ***Дид ойын. «Дыбысынан ажырат»***<br>***Шарты:*** *Жануарлардың дыбысын естігенде балалар қай жануар екенін айтып бере алады.* |
| *Таңертең-гі гимнасти-ка* | ***Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Жаттығу түрі - лентамен әуенмен***<br>***Маусым айының 5--аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тігілген*** | | | | |
| *Таңғы ас* | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* | | | | |
| *Ойындар, ҰОҚ дайындық* | *Бала, бала , балақай,*<br>*Қол соғайық алақай,*<br>*Бір, екі, үш деп атайық,*<br>*Саусақтарды тартайық*<br>*Жалқау бала болмайық,* | *Ашық менің жүрегім*<br>*Ылғи күліп жүремін.*<br>*Бірге ойнапғ бір жүрер*<br>*Достарым көп, білемін!* | *Достар , бері келіңдер,*<br>*Қолдарыңды беріңдер.*<br>*Шаттық толы шеңберге,*<br>*Қуанышпен еніңдер!* | *Қуанамыз күлеміз,*<br>*Бар әлемде сүйеміз.*<br>*Қол ұстасып, қуанып,*<br>*Достарымен бір жүреміз* | *Жабырқауды білмейміз*<br>*Жалқаулықтысүймейміз*<br>*Біз талантты жас ұлан,*<br>*Үлгі аламыз жақсыдан* |
| *Білімберу ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет* | ***Таза ауада***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар гүл туралы ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келе ме?*<br>***Ертегілер еліне саяхат.*** | ***Тосын сәт.***<br>***Есік қағылады.***<br>*Бұл кім екен? Балалар бізге қонаққа дәрігер Айболит келді.*<br>***Дәрігер Айболит:*** *Сәлеметсіздер ма балалар. Мен сендерге қонаққа келдім, мен аңдарды емдеп, енді* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>**-** *Бүгін біз орман алқабының кішкентай тұрғындары – жәндіктерге қонаққа барамыз. Саяхатқа дайындалу:*<br>***Кинезиологиялық*** | ***Ой қозғау.***<br>*Балалар алма қайда өседі?*<br>*Ағашта*<br>*Алма туралы қызық ертегі тыңдаймыз ба?* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар, біреудің есік қаққанын естіп тұрсыңдар ма? (қонжықты алып келеді). Балалар, қараңдаршы, Аю бізге қонаққа келді, онымен сәлемдесейік. Қараңдаршы,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Аудио дыбыс, ертегілер әні. Сұрақ- жауап.***<br>*Балалар қандай ән есітіп тұрсыңдар?*<br>*Ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келе ме?*<br>*Көзімізді жұмып 1,2,3 деп санасақ ертегі еліне жетеміз.*<br>*Ертегі елінің орындықтары не деген керемет, оюланған.*<br>***С. Оспановтың «Гүл туралы аңыз» ертегісін тамашалайық***<br>*Ерте, ерте ертеде бір ауылда бидай мен гүл өседі. Адамдар гүлдерге тамсанып, бір-біріне сыйлайды. Гүлдің қош исі ауылды алып кетеді.*<br><br>*Бір күні хан бәріне жар салады. Тек қана бидай өсіріңдер, гүлдің бәрін құртыңдар деп әмір береді.*<br>***Сұрақтар ілмегі***<br>*-Хан қандай әмір берді?*<br>*-Тек не өссін деді?*<br>*-Неліктен бидайды таңдады?*<br>*Адамдар гүлдердің бәрін таптап, жұла бастайды. Осы кезде бір бала бір гүлді үйіне апарып тығып өсіреді.* | *сендердің денсаулық-тарыңды тексеруге келдім.*<br>*Қазір мен сендердің күлімдеген көздеріңді, қызғылт түсті беттеріңді және әдемі күлкілеріңді, тістеріңді қарағым келіп тұр. Балалар қуана қарсы алады. Дәрігер Айболит балаларға жақындап, олардың бастарын сипалап, денсаулықтарын сұрайды.*<br>*Айболит енді сендерден көмек сұрағым келіп тұр. орманда бір маймыл бүкіл заттарды араластырып жіберіпті, соны өз орнына қоюға көмектесіңдер.*<br>***Дид ойын: «Өз орнына сал»***<br>***Шарты:*** *Заттарды өз жұбына қою.*<br>*Мыс: Балға –балта, ручка-дәптер, шприц-дәрі т.б*<br>*Айболит: Балалар: Аңдарға күнде нүктелі жаттығу жасаймыз, ал сіздер жасайсыздар ма? Әрине дәрігер біз күнде дене жаттығуларын жасаймыз.*<br>***Денешынықтыру. /таяқшамен, әуенмен/***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*<br>*Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.*<br>*Қол бүйірде бүкіл табанмен қалыпты, жұмсақ жүру.*<br>*Шеңбер бойымен жай жүру* | ***жаттығу «Айқасқан қадамдар»***<br>*Біз аяқтарымызды жоғары көтеріп, орман алқабына шықтық,*<br>*Шөптер мен бұталар арқылы, діңгек бұтақтары арқылы.*<br>*Епті сүрінбей жүреміз*<br>***Тосын сәт***<br>*Балалар жасыл дастарханмен жабылған үстелге келеді, оның үстінде тек гүлдер мен хат бар. Педагог балалардың назарын алаңқайда ешкімнің жоқтығына аударады.*<br>*– Қараңдаршы, ашық жерде ешкім жоқ, мен бірде-бір жәндік көрмеймін. Тек хат тұр, қызық кімнен екен?*<br>***Ол хатты оқиды: «Қымбатты балалар, біз қиыншылыққа тап болдық, бізді зұлым өрмекші сиқырлады, көмек керек»***<br>*-Ал жәндіктерге көмектесу үшін сіз бен біз де жәндікке айналамыз. Менде бізге көмектесетін сиқырлы гүл бар. Сиқырлы гүлді алып, сөздерді айту.*<br>*Көзімізді жұмамыз, гүл*<br>*гүл, бізді жәндіктерге айналдыр! Міне, біз жәндіктерге айналып,* | ***Ертегі желісі:***<br>*Баяғыда орманда алма ағашы бар еді, онда жалғыз алма тұр екен. Осы кезде қоян орман арқылы жүгіріп өтіп, алманы көреді.*<br>***Қоян нені көрді?***<br>*Бірақ оны қалай алуға болады деп ойланды?*<br>*Алма жоғары ілулі тұр.*<br>***Алма қайда тұрды?***<br>*Ол алманы алғысы келіп секірді?*<br>*Қоян не істеді? Секірді*<br>***Қане қоян сияқты секірейік***<br>*Бір уақытта Қарқ, қарқ деген дауыс шықты.*<br>*Қоян қарайды*<br>*Бұл не екен? Қарға*<br>*Қане қарға сияқты қарқылдайықшы. Қарқ, қарқ*<br>*- Қарға шыршаның үстінде отырып қоянға күледі.*<br>***Қарға не істеді? күледі.***<br>*- Әй Қарға! Неге күлесің деп қоян айғайлады.*<br>*Сен онанда маған ағаштағы алма алып берші деді.*<br>***Қоян не деді қарғаға?***<br>*Қарға шыршадан алма ағашына ұшып барды.*<br>***Қарға не істеді?*** | *балалар, ол өте көңілсіз.*<br>***Аю сен неге сонша мұңайдың?***<br>*Аю: Балалар, мен сендерге көмек сұрап келдім. Денсаулығым болмай ауырып қалдым, маған көмектесесіңдер ма? Балалар, қалай ойлайсыңдар, денсаулық туралы бәрін білетін Аюға көмектесе алатын кім? (Дәрігер). Ал ертегі кейіпкерлерін кім емдейді? (Доктор Айболит)*<br>*– Ал дәрігерді қайдан таба аламыз, доктор Айболит?*<br>*- Қалай дәрігер шақырамын? (Телефон арқылы)*<br>*– Дұрыс, дәрігерді шақыру үшін ұялы телефоннан нөмірін теру керек. Телефон нөмірін көрсетіп, қоңырау соғады.*<br>***Сәлеметсіз бе, бұл аурухана ма?***<br>*Біз балабақшамызға дәрігер Айболитті шақырғымыз келеді. Аю ауырып жатқан сияқты. Сіз келе аласыз ба? Рахмет, күтеміз.*<br>*Ал, аю Айболит келіп, саған қалай көмектесетінін айтады.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Есікті қағып. Педагог доктор Айболит ойыншық әкеледі.*<br>*Доктор Айболит.- Сәлеметсіздер ме балалар. Мен қоңырау шалған соң келдім. Біреу ауырып қалды ма?*<br>*Тәрбиеші Балаларымыздың дені сау, бірақ Аю бізге* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Оны ешкімге көрсетпейді. Ал ауыл болса көңілсіз, жұпар гүлдің исіде жоқ, өзі де жоқ.<br>**Сұрақ-жауап**<br>Неге ауыл көңілсіз болды?<br>Неліктен?<br>Бір күні хан қатты ауырады. Көптеген дәрігерлер оны емдей алмайды. Бір күні алыс жерден бір емші келеді, ол ханға тек қана бал қосылған дәрі жеу керек, сол кезде ғана тәуір боласың диді.<br>**Сергіту сәті**:<br>Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді)<br>Су құямын гүлге(қолмен су құяды)<br>Гүл күткенді біледі(тербеледі)<br>Бойын сылап күледі( бойын қолымен сыйпайды)<br>Күнде гүлін ашады<br>Жұпарын маған шашады(қолын желпейді)<br>**Ой қозғау.**<br>-Балды неден аламыз?<br>-Ара балды қайдан жинайды? | 1 саптан 4 звеноға тұру. (таяқшаны үстел үстінен кезекпен алу)<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім**:<br>**Б.қ.: «Балапан су ішті»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Таяқша артта. 1-4 - басты алдыға қарай созып, таяқшаны артқы жақтан баяу жоғары көтеру. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Биші мысық »**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /6 рет /<br>**Б. қ.: «Тартылу»**<br>**3.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. 1-2 - таяқшаны жоғарыға көтеріп созылу,аяқтың ұшымен тұру.3- б.қ. /6 рет /<br>**Б.қ.: ««Әткеншек»**<br>**4.** Аяқтары иық мөлшерінде. Таяқшаны кеуде тұсында ұстап, денені оң-сол жаққа бұрады. /5 рет қай/<br>**Б.қ.: «Мергендер»**<br>**5.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай | орман алқабына ұшамыз.<br>**Өрмекшінің бірінші тапсырмасы:**<br>«Жұмбақтарды шешіп, суреттерді құрастыр»<br>**Дид ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Шарты: Жұмбақтың шешуінен шыққан жәндікті құрастыру.**<br>Жұмбақты айту, балалар шешіп, суреттін тауып, тақтаға іледі.<br>Қалған балалар алдарындағы суретті құрастырады.<br>**Инелік**<br>1. Жұмбақтың жауабын табуға қандай сөздер көмектесті? Жауап.<br>2.Хош иісті гүлдердің шырынын ішеді,<br>Бізге балауыз бен бал береді.<br>**(ара).**<br>Оның ара екенін анықтауға қандай сөздер көмектесті?<br>3. Екі басы жұдырықтай Ортасы қылдырықтай **/құмырсқа/**<br>- Оның құмырсқа екенін анықтауға қандай сөздер көмектесті?<br>- Суретте бейнеленгендерді бір сөзбен қалай атауға | Қане қарға құсап ұшайықшы.<br>Қарға алманы жұлды.<br>Бірақ ол тұмсығымен ұстай алмады, алма жерге түсіп кетті.<br>**Алма қайда түсіп кетті?**<br>- Рахмет, Қарға! - деді Қоян Қоян алманы алмақ болды, бірақ ол тірі нәрсе сияқты жүгірді.<br>Қоян қорқып кетті, содан кейін ол түсінді:<br>Алма ағашының астында ұйықтап жатқан Кірпінің үстіне түскен.<br>Кірпі орнынан тұрып, жүгіре жөнелді, ал алма кірпінің тікендеріне жабысып қалды.<br>**Қане кірпі құсап жүгірейікші.**<br>- Тоқта, тоқта! - деп айғайлайды Қоян.<br>**Қоян не деді кірпіге?**<br>**Қане қоян сияқты айтайық.**<br>Менің алмамды қайда апардың?<br>Кірпі тоқтады да:<br>- Бұл менің алмам. Ол түсіп кетті, мен оны ұстап алдым.<br>Қоян кірпіге қарай секіріп келді:<br>Менің алмамды бер! Мен тапқан оны деді!<br>**Қарға оларға қарай ұшып келді де:**<br>«Босқа дауласып | қонаққа келді, ол өзін нашар сезініп, денсаулығы жоқ екенін айтып тұр.<br>**Доктор Айболит:** Мен кішкене құпияны айтайын. Біздің денсаулығымызды көптеген сәулелері бар күнмен салыстыруға болады. (күнді сәулесіз ілу). Бұл сәулелер біздің денеміздің әрбір жасушасында өмір сүреді.<br>**1-ші сәуле: гигиена**<br>**Дид ойын: «Гигиена заттары»**<br>**Шарты:** Гигиена заттарын атау<br>**2-ші сәуле: таза ауа.**<br>**Дид йын: «Таза ауа беретін заттар»**<br>**Шарты:** Таза ауа шығатын заттарды құрастыру.<br>**3-ші сәуле: Дәруменді тағам.**<br>Дәрумен тағамдарды атау.<br>**4-ші сәуле: дене жаттығулары**<br>**Денешынықтыру. /таяқшамен, әуенмен/**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.<br>Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.<br>Қол бүйірде бүкіл табанмен қалыпты, жұмсақ жүру.<br>Шеңбер бойымен жай жүру<br>1 саптан 4 звеноға тұру. (таяқшаны үстел үстінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>*Балды не үшін іздеді?*<br>*Бұр күні гүлін таптат-паған, тығып сақтаған бала ханға бал әкеп береді.*<br>*Хан қатты қуанып, балаға рақметін айтып, барлық дала, барлық қала гүл өсірсін деп бұйырады.*<br>*Содан бері гүл даланың да, қаланың да көркі болыпты.*<br>***Гүлім, гүлім, гүлім, - дейді,***<br>***Гүл десе ел күлімдейді.***<br>***Сансыз гүлден шырын жинап,***<br>***Бал аралар гуілдейді.***<br>***Гүлді әркашан ел іздейді – деп жырға қосыпты.***<br>***Сұрақ:***<br>*Хан ауруынан қалай жазылды?*<br>*Ол балды қайдан тапты?*<br>*Хан неліктен гүл өсіруге рұқсат берді?*<br>***Қорытынды.***<br>*Балаларды мадақтау* | *қайталау. /6 рет /*<br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br>**6.** *Таяқшаны жерге тіреп ұстап, айналып секіру және жүру. /15-20/*<br>***Қорытынды:***<br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.Еркін жүру.Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.***<br>*1. Тақта үстімен жүріп өту.*<br>*2.Обручтан, обручқа секіру.*<br>***Қимылды ойын:«Үш орындық»***<br>***Шарты****: Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу*<br><br>***Дәрігер Айболит:*** *жарайсыңдар балалар, сендер жаттығуды жақсы біледі екенсіңдер, мен сендерге ризамын сол үшін сендерге тазалық сақтайтын құралдарды беремін, мен енді кетейін аңдар мені күтіп жатыр, ал сендерге айтарым, өздеріңді таза ұстаңдар, ауырмайық, әрдайым көтеріңкі көңіл күйде болыңдар, жақсы сау болыңыздар.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ- жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | *болады?*<br>*Барлық жәндіктердің басты ерекшелігі неде? (Барлық жәндіктердің 6 аяғы бар.)*<br>***2- Тапсырма***<br>***Ой қозғау.***<br>***- Жыртқыш жәндіктерді атаңдар (инелік, шегіртке, ледибука)***<br>*Неліктен оларды жыртқыштар деп атайды? (Өйткені олар басқа жәндіктерді аулайды.)*<br>***- Пайдалы жәндіктерді ата.(көбелек, ара, құмырсқа).***<br>*- Ара, көбелек, құмырсқа қандай пайда әкеледі?*<br>*Ара гүлдерді тозаңдандырады, бізге бал мен балауыз береді. Құмырсқалар орман арқылы көптеген өсімдіктердің тұқымын тасымалдайды. Көбелектер гүлдерді тозаңдандырады*<br>***- Зиянды жәндіктерді*** *ата. Шыбын микробтарды тасымалдайды, құрт өсімдік жапырақтарын жейді, маса адамның қанын сорады.*<br>*- Жарайсыңдар, олар барлық жұмбақтарды шешті, ал біз инелік пен араны және шегіртке мен қоңызды* | *жатырсыңдар», «бұл менің алмам, мен оны өзім үшін жұлып алдым» деді.*<br>*Ешкім бір-бірімен келісе алмайды, бәрі айқайлайды:*<br>*- Менің алмам!менің алмам деп, орманда айқай шу болады.*<br>***Қарға Кірпінің мұрнын шұқыды, Кірпі қоянға инесін қадады, ал қоян қарғаны аяғымен тепті.***<br>***Кенет аю келді қорбаңдап.***<br>***Не келді ?***<br>***Аю қандай?***<br>***Үлкен бе кішкентай ма?***<br>***Аю қалай жүреді? Жүру.***<br>***- Не болды? Бұл не шу деді аю.***<br>*Бәрі аюға сіз ормандағы ең үлкен, ең ақылдысыз. Мына алма кімдікі болу керек соны айтыңыз деді.*<br>*Олар аюға барлығын болған күйінде айтып берді.*<br>*Аю ойланып, ойланып, құлағының артын тырнап, сұрады:*<br>*Алманы кім тапты?*<br>*- Мен! - деді Қоян.*<br>*-Алманы кім жұлды?*<br>*Мен -деді – Қарға*<br>*- Жақсы. Оны кім ұстады?*<br>*-Мен ұстадым! – деп шырылдады Кірпі.*<br>*- Міне, - деп ойлады Аю, -* | *кезекпен алу)*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Б.қ.: «Балапан су ішті»***<br>**1.** *Аяқтары иық мөлшерінде. Таяқша артта. 1-4 - басты алдыға қарай созып, таяқшаны артқы жақтан баяу жоғары көтеру. /6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Биші мысық »***<br>**2.** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /6 рет /*<br>***Б. қ.: «Тартылу»***<br>**3.** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. 1-2 - таяқшаны жоғарыға көтеріп созылу,аяқтың ұшымен тұру.3- б.қ. /6 рет /*<br>***Б.қ.: ««Әткеншек»***<br>**4.** *Аяқтары иық мөлшерінде. Таяқшаны кеуде тұсында ұстап, денені оң-сол жаққа бұрады. /5 рет қай/*<br>***Б.қ.: «Мергендер»***<br>**5.** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *құтқарып алдық,*<br><br>***3- ші тапсырмасы.***<br><br>***Дид ойын: «Төртіншісі артық»***<br><br>**-** *Суреттерге мұқият қарап, мұнда қай сурет артық екенін айт және неліктен олай ойлайсың?*<br><br>***1.сурет*** *паук, өйткені ол жәндіктерге жатпайды.*<br><br>***2-сурет.*** *құмырсқа, өйткені ол ұшпайды, ал қалған жәндіктер ұшады.*<br><br>***3-сурет****. көбелек, өйткені ол ұшады, ал қалған жәндіктер ұшпайды.*<br><br>***4-сурет.*** *көбелек, өйткені қалған жәндіктер жыртқыш.*<br><br>***- Міне, біз құмырсқаны құтқардық (құмырсқа пайда болады).***<br><br>*Тәрбиеші: Сонымен біздің саяхатымыз аяқталды, сендер жәндіктерге көмектестіңдер Жәндіктер барлығыңызға рахмет айтты. Жәндіктерді алып, оларды біздің орман алқабына орналастырып, жабыстырайық.*<br><br>*Қараңдаршы, шалғынның қандай әдемі болып кеткенін.* ***Құмырсқалар мен қоңыздар жер басып, шегірткелер шөпке секіріп, көбелектер мен инеліктер*** | *сондықтан әрқайсысың алма аласыңдар деді.*<br><br>*Бірақ бір ғана алма бар ғой ! – деді Кірпі, Қоян, Қарға.*<br><br>***Аю не деді оларға?***<br><br>***Олар не деді аюға?***<br><br>***Алма нешеу еді?***<br><br>*Аю айтты:* **-** *осы алманы тең бөліктерге бөлеміз, әркім өзіне бір бөлікті алсын деді.*<br><br>*Кірпі алманы алып, төрт бөлікке бөлді. Ол қоянға бір бөлігін берді:*<br><br>**-** *Бұл саған, Қоян,* **-** *сен бірінші алманы көрдің деді.*<br><br>*Ол екінші бөлікті қарғаға берді:*<br><br>*– Мынау саған, Қарға, – сен алманы жұлдың деді*<br><br>*Үшінші бөлікті Кірпі аузына салды:*<br><br>*Бұл мен үшін, өйткені мен алманы ұстадым деді.*<br><br>*Төртінші бөлікті аюға берді.*<br><br>**-** *Маған неге керек деді Аю таң қалып.*<br><br>*– Бәрімізді татуластырып, ақыл үйреткеніңіз үшін!*<br><br>*Әркім өз алмасының бір бөлігін жеп, барлығы риза болып аюға рақмет айтты.*<br><br>***Керемет. Ертегі ұнады ма?*** | *Сол жақпен дәл солай қайталау. /6 рет /*<br><br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br><br>**6.** *Таяқшаны жерге тіреп ұстап, айналып секіру және жүру. /15-20/*<br><br>***Қорытынды:***<br><br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру.Еркін жүру.Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br><br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.***<br><br>*1. Тақта үстімен жүріп өту.*<br><br>*2.Обручтан, обручқа секіру.*<br><br>***Қимылды ойын:«Ұш орындық»***<br><br>***Шарты****: Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу*<br><br>***5-ші сәуле: жақсы көңіл-күй.***<br>*– Осының бәрін орындасаң, сау боларың сөзсіз!*<br>*Аю: Мен бәрін түсіндім, денсаулығыңды тауып, оны жоғалтпау үшін дұрыс тамақтанып, таза ауада серуендеп, күнде жаттығу жасап, қолды жууды ұмытпа.*<br>*Аю мен Айболитпен қоштасу.*<br>*Балаларды мадақтау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***ұшсын, біз өмір сүретін әлем әрқашан көгілдір жасыл болып қала берсін!***<br><br>*Ал біздің балабақшаға қайтатын кез келді. Бірақ алдымен біз қайтадан балаға айналуымыз керек. сиқырлы гүлді алып, біз гүлміз, көмектес, бізді балаға айналдыр!*<br><br>***Қортынды***<br><br>**-** *Сендерге саяхат ұнады ма?* | ***Музыка***<br><br>***Тақырыбы****«Мен алманы жақсы көрем»*<br><br>***Музыка тыңдау:*** *«Алматы» (муз. Е. Хасанғалиев, сөзі А. Асылбеков). Балалардан тыңдаған музыка не туралы екенін сұрау, әннің қандай көңіл күйде жазылғанын әңгімелеу.*<br><br>***Дауыс жаттығулары:***<br><br>*Терең тыныс алып, демді сыртқа еркін шығаруға үйрету. Орындағанда ерін жиырылып, таңдай жоғары көтеріледі, тіл артқа қарай жылжиды.*<br><br>***Ән айту:*** *«Мен алманы жақсы көрем» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов). Әлемге әйгілі Алматының алмасы – апорт туралы балалардың пікірін тыңдау, әңгіме өткізу. Әннің сипатын ажырату. Әнді бірқалыпты, бір-бірін тыңдап, бірге қосылып айтуға үйрету.*<br><br>***Дид ойын: «Алма жинау»***<br><br>*Шарты: Қағаздан қиылған алмаларды себетке жинау, ірі алманы үлкен себетке, кіші алмаларды кіші себетке жигау.*<br><br>***Рефлекция***<br><br>*Бүгінгі ұоқ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.* | |
| *Серуенге дайындық* | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br><br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |

<table>
<tr><td rowspan="2">Серуен:</td><td>Картотека №11<br>Жапырақты бақылау.</td><td>Картотека №12<br>Жәдіктерді бақылау.</td><td>Картотека №14<br>Айналадағы қоршаған ортаны бақылау.</td><td>Картотека №15<br>Ауа - райын бақылау.</td><td>Картотека №16<br>Көбелекті бақылау</td></tr>
<tr><td colspan="5">Эстафеталық ойындар<br>«Көкөніс отырғызу және жинау» эстафетасы.<br>«Екі команда бір-бірінің артына сапқа тұрады. Әр команда қарсы 5 «шұңқырұя» орналасқан. Алғашқы екі қатысушы шелегіндегі «көкөністерін» сол «шұңқыр ұяларға» салыпкетіп 15 м қашықтықта тұрған манежді айналып келіп, қайтарында «шұңқыр ұядағы» көкөністерін жинап ала келеді. Қайтып келісімен шелегін келесі қатысушыға тапсырады. Ең аз уақыт мөлшері бойынша жеңімпаз.<br>Жас батыр.<br>Әр қатысушы ағаш атпен шауып барып манеждегі допты резеңке таяқпен ұрып кері қайтады.<br>Ең аз уақыт мөлшері бойынша жеңімпаз анықталады.</td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="5">Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</td></tr>
<tr><td>Ұйқы</td><td colspan="5">Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.</td><td>Жаттығу кешені № 16<br>Балалар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Қолымызды созып<br>Шынығып бір алайық.</td><td>Жаттығу кешені № 17<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық.</td><td>Жаттығу кешені № 18<br>Ұйқыдан біз тұрамыз<br>Көзімізді ашамыз<br>Жан-жағымызға қарайық<br>Төсектен біз тарайық</td><td>Жаттығу кешені № 19<br>Ұйқыдан біз тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Анда- мында созылып<br>Тарқасайық, тұрайық</td><td>Жаттығу кешені №20<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Самал жел бізге желпісін,<br>Ұйқымызды ашайық</td></tr>
<tr><td colspan="5">Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)* | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Топқа қозы келеді.***<br>*Балалармен амандасады.*<br>*Балалар қошақан неге көңілсіз деп ойлайсыңдар?.*<br>*Балалар қозы айтады, менде дос жоқ,жалғыз ойнағым келмейді дейді.*<br>*Олай болса біз оған дос табуға көмектесейік. Қағаздан бірнеше қошақан құрастырайық. Келісесіңдер ме?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Топқа бөлу.***<br><br>***1-топ*** *қозының сұлбасын бастырып сызып, қағазды жырту әдісі арқылы үстіндегі жүнін жапсырады.*<br>***2-топ*** *қозының сұлбасының үстіне клей жағып, мақтаны қозының үстіне жапсырады.*<br><br>*Балалардың жұмысын* | ***«Көлеңкесін тап» дидактикалық ойыны***<br>*- Ертегі кейіпкерлері мен олардың фигураларын сәйкес көлеңкелерге орналастыр.*<br><br><br>***Дид ойын: «Әтеш құйрығы»***<br>*- Түрлі түсті киім қыстырғыштарынан әдемі әтеш құйрығын жасаңыз.*<br>***Тақпақтар***<br>*Оятпа, әтеш, сен бізді,*<br>*Өзім де сездім, таң атты.*<br>*Сенсіз- ақ білем мезгілді,*<br>*Танимын енді сағатты* | ***Дәстүрден тыс сурет салу.***<br>***Жазғы ағаштар***<br>*Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан жазғы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру*<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Өсіп тұрған бұл не?*<br>*Жаз болса жайнап,*<br>*Саясында ән салып.*<br>*Құстар жүрген сайрап,*<br>*Салқын түссе-шешіліп,*<br>*Қалады өзі жайрап. (ағаш)*<br>***Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.***<br>*Қырыққабат жапырағына бояуды губкамен жағу. Бояу жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру.* ***«Біздің көрме»*** *балалардың жұмысын қортындылау.* | ***Қим ойын: Кішкене қоян, шыға гой...***<br>*Бір топ бала тәрбиешімен бірге дөңгелене тұра қалады. Тәрбиеші кім кішкене қоян болады деп сұрайды. Бәрі айналып жүріп мынадай өлең айтады.*<br>***Жүр, көжегім, шыға гой,***<br>***Сұр көжегім, шыға гой!***<br>***Айтқанымды ұға гой.***<br>***Міне, былай шыға гой!***<br>*Кішкене деп атаған бала ортаға шығады. Өлеңнің ендігі шумағын айтып болғаннан кейін, барлық ойнаушылар, қоянға не істеу қажеттігін көрсеткендей, тиісті қимылдар жасайды. Ол да балалардың істеген қимылдарын қайталайды.* | ***«Алғашқы көмек» (әңгіме) Ж.Бұғыбаев***<br>*– Үйде ата-аналарыңа көмектесетін болыңдар, – деді апай балаларға.*<br>*Апайдың бұл сөзін кішкентай Ұлтай есіне мықтап сақтап қалды.*<br>*Ол үйге келсе, әкесі жұмыстан келген екен.*<br>*– Әке, шай қайнатып берейін бе? – деді Ұлтай.*<br>*– Жоқ, шырағым! Әлі кішкентайсың ғой, – деді әкесі.*<br>*Әкесі шайқоюға шығып кетті.*<br>*Ұлтай үндемей үйде қала берді.*<br>*Бір кезде ол суланған шүберекті алды.*<br>*Шай ішетін үстелдің үстін сүртті. Кеселерді тазалай*<br>*бастады. Әкесі үйге кіріп келіп, қызының жұмысын көрді.*<br>*– Көп жаса, қызым! Үлкен қыз болыпсың ғой өзің,*<br>*– деп күлімсіреді.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Галерея шаралау.***<br>*Бір бірінің жұмыстарын бағалау.*<br>*Жасаған жұмыстарын қозыға беру.*<br>*Қозы қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.* | | | | |
| *Балалармен жеке жұмыс* | ***«Суретші қай жерде қателесті?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады.* | ***«Құстарға көмек береміз»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар Құстарды атап, өз ойын айта алады.* | ***Қайсысы қайда тіршілік етеді.Мақсаты:*** *жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтай алады.* | ***«Кімге не керек»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып атай алады.* | ***«Экологиялық бағдаршам»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды табиғат сұлулығын көріп, оны қорғай білу туралы түсінеді* |
| *Серуенге дайындық* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу.* | | | | |
| *Серуен* | ***Картотека №11***<br>*Жапырақты бақылау.* | ***Картотека №12***<br>*Жәдіктерді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*Айналадағы қоршаған ортаны бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Ауа - райын бақылау.* | ***Картотека №16***<br>*Көбелекті бақылау* |
| | ***Таңғы жаттығу картотекасын бекіту.***<br>***Серуенде эстафеталық ойындар.***<br>***1.Кегли***<br>*Тізілген кеглиді кіші доппен соғу арқылы құлатып, ұпай жинайды. Қай команда көпқұлатса, сол команда жеңіскежетеді.*<br>***2. Мәрегекімбұрын?***<br>*Мұғалімніңбелгісібойыншасекіртпеменсекіріпшығып, белгініайналыпсекіріпкелукерек. Секіріпкелгенойыншысекіртпенікелесіойыншығаұсыныпсаптыңартынатұрабереді. Ойындықай команда бұрынбітірсе, солжеңіскежетеді.* | | | | |
| *Балалардың* | *Ата аналармен балалардың* | *Ата – аналарға балалармен үйде* | *Балалардың ауа-райына сәйкес* | *Ана – аналармен* | *Ана – аналармен әңгімелесу.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *үйге қайтуы* | *төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.* | *жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.* | *киіндіру туралы әңгімелеу.*<br>*Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы..*<br>*Балалардың сұранып үйге қайтуы* | *әңгімелесу.*<br>*Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* |

**Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы *1- апта***

Ересек «Нұрбөбек» топ.

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 03.07 – 07.07.2023ж

| ***Күн тәртібі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу* | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер* | *Балалармен демалыс күндері туралы әңгіме жүргізу*<br>***Қимылды ойын: «Көжектер мен түлкі»***<br>***Мақсаты:*** *балалар ойын арқылы шапшандықты, ұйымшылдықты біледі* | ***Балалармен дәрумендер туралы әңгіме жүргізу***<br>***Дид ойын: «Тату-тәтті отбасы»***<br>***Ойын мақсаты:*** *Балалар ойын арқылы отбасы мүшелерін дұрыс атауды біледі.* | *Балалармен денсаулық, тазалық туралы әңгіме жүргізу*<br>***Қимылды ойын: «Қарлығаш»***<br>***Ойын мақсаты:*** *балалар зейінділік сезімталдық, ұйымшылдық, ептілік қабілеттерді ойын арқылы біледі.* | *Балалармен жазғы киімдер жайында әңгіме жүргізу*<br>***Қимылды ойын: «Не жүреді және ұшады?»***<br>***Мақсаты:****Балалардың зейін және есту анализаторларын, қол мен аяқ-қимылдарын дамиды.* | *Балалармен демалыс күнгі тазалық шаралары туралы әңгіме жүргізу.*<br>***Қимылды ойын: «Мекиен және балапандар»***<br>***Мақсаты****:балалар ептілікке, жылдамдыққа үйренеді.* |
| *Таңертеңгі гимнастика* | ***Таңғы жаттығу кешені. Шілде айының 1 -аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тіркелген***<br>***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*** | | | | |
| *Таңғы ас* | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.*<br>***Ас ішерде күнде біз***<br>***Сөйлемейміз күлмейміз***<br>***Астан басқа өзгені***<br>***Елемейміз, білмейміз***<br>*Рахмет айтуға тәрбиелеу.* | | | | |
| *Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық* | *Отбасында гүліміз,*<br>*Көңілді өтер күніміз.*<br>*«Қайырлы таң!» деп айтамыз,*<br>*Бір болып кеште қайтамыз.* | *Кәне, кәне тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Тұрсақ егер шеңберге,*<br>*Алақанды ұрайық* | *Ерте тұрып күнде мен*<br>*Тереземді ашамын.*<br>*Сәлем деймін күнге мен*<br>*Шаттық әнге саламын.* | *Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек,*<br>*Көңілді боп жүрейік!* | *Кел, балалар, күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Күлкі көңіл ашады,*<br>*Күліп өмір сүрейік!* |
| *Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Сиқырлы қорапша топқа келеді.***<br>*(ұзын жіпті байлап қорапты есіктен тарту)*<br>*Балалармен бірге қорапты ашу.*<br>***Хат алу, оқу.***<br>*Құрметті кішкентай бүлдіршіндер, мен Маша достарың боламын. Маған мына тапсырмаларды аю аға орында деп берді. Ал мен білмеймін. Көмектесіңдерші.*<br>*Балалар Маша қандай ертегіде жүреді?*<br>*Маша мен Аюда*<br>*Ендеше көмектесеміз бе?*<br>*Барлық балалар үстелге келеді,қорапта киімдер мен* | ***Дид ойын: «Мен ептімін»***<br>***Шарты:*** *Жаттығуды жасалуын көрсетеді.*<br>*Деніміз сау болу үшін не істеуіміз керек?*<br>*Ал ауырып қалған жағдайда не істейміз?*<br>*Мадақтау.*<br>***Қим ойын: «Күн және түн»***<br>***Шарты:*** *«Күн» белгісін бергенде, балалар күледі, жүгіреді, секіреді. Ал «Түн» белгісін бергенде, қозғалыстарын тыйып, бәрі «ұйықтайды».*<br>***Шынықсаң шымыр боласың,***<br>***Сауығып айдай толасың.***<br>***Спортты серік етебіл,***<br>***Жақсы азамат боласың.*** | ***Дид ойын: «Әрекетті атаңыз»***<br>*- Киіміміз ұқыпты, әдемі болуы үшін не істеу керек? (Оған қамқорлық жасау керек)*<br>*- Киімге күтім жасауды білесің бе? (Иә).*<br>*Егер киім лас болса? (киім жуылады).*<br>*Егер ол мыжылған болса? (киім үтіктеледі).*<br>*Егер жыртылған болса? (киім тігіледі).*<br>*Киімімізді шешіп алсақ, не істейміз? (Ақырын іліп қоямыз немесе бүктейміз)*<br>*Дұрыс. Жарайсыңдар*<br>*Киім ұқыпты және жаңа болуы керек.* | ***Қимылды ойын:***<br>***- «Ине мен жіп»***<br>*Шарты: Бастаушы ине, бірінің артынан бірі ілесе жүргендер жіп, Балалар үзіліп кетсе жіп үзілген болады.*<br>***Дид ойын: «Бұл заттар не үшін?»***<br>*Тәрбиеші: Ал, енді мен сендерді қимыл деп атаймын, ал сендер маған осыған қажетті тақырыпты айтасыңдар.*<br>***киімді біріктіру -*** *түйреуіштер*<br>***кестелеуші*** *– инелер мен жіптер*<br>***саусағын шаншып алмас үшін*** *– оймақ тігу,*<br>***жазу*** *– тігін машинасы*<br>***киімді кигізіп қою -*** *манекен,* | ***Суретпен жұмыс***<br>*-Екі баланы салыстыру.*<br>*-Өзін-өзі күту деген не?*<br>*-Тазалық таза баланың досы дегенді қалай түсінеміз?*<br>*-Сен қандайсың, өзіңе сипаттама бергенде неден бастаймыз?*<br>***Дид ойын: «Жақсы, жаман»***<br>*1.Өтірік айту жаман қасиет дегендерің, қол соғайық.*<br>*2.Жақсы адам болғыларың келсе, орнымыздан тұрайық.*<br>*3.Жалқаулық жаман қасиет дегендерің, отырайық.*<br>*4.Жүректері мейірім ділікке толы балалар «Мен» деп айқайласын.*<br>*5.Адамгершілігі мол балалар екі* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
